

ПИОНЕР

№ 10 ОКТЯБРЬ 1956
АЛМАТЫ





В. И. ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ СТАДИОН

Бұл бұдан бір жыл бұрын ғана Москваның шетіндегі Лужники деп аталатын бір ойқышұйқы жер еді. Бұрын колхоз селосы тұратын сол жер аз уақытта осынша өзгерген! Жатаған үйлер, складтар жойылған, шалшық-батпақтар құрғатылған. Олардың орнына ғажайып спорт қаласы орнаған.

Әне, жоғарыдағы суретке қараңдаршы! Ол 180 гектар жерді алып жатыр. Ондағы залдардың, волейбол, баскетбол, теннист, футбол алаңдарының, жеңілатлеттер секторының саны жүз отызға жетеді. Осы залдар мен алаңдарда бірден 2000 спортшылар шұғылдана алады. Оларды көруге келген 150000 адамға орын әзір.

Бұл — стадион ғана емес, жатқан бір үлкен спорт қаласы. Спорт сарайы, кіші арена, үлкен спорт аренасы, жүзу бассейні тағы толып жатқан құрылыстар. Орталық стадионында — футболшыларға 11, волейболшыларға 16, баскетболшыларға 15, қалашық ойнаушыларға арнап 6 алаң, жеңілатлеттерге жүгіретін 4 жол, гимнастар және қол ойындарымен шұғылданушыларға 21 зал, боксшы, күресші, ауырсалмақ кетеруші, қылыштасушы спортшыларға 7 зал, 4 су бассейні, 5 мұз алаңы салынған. Жасанды мұз үстінде жазда да коньки тебуге болады.

Орталық стадионды салу үшін құрылыс-

шылар бұл жерден үш миллион текше метр топырақ қазған. Егер осы топырақты үш тонналық автомобильдерге тиесек, онда бұл автомобильдердің шұбырындысы Москва мен Владивостоктың арасына жетер еді.

Стадионның тұрған жері қандай әсем! Ол Москваның оңтүстік батысындағы Москва өзенінің иіріміндегі алаңға салынған. Бұл, екінші жағынан, Ленин тауларының кілемдей жайнаған құлаберісі. Айналасы өзенмен көмкеріліп көк торғын жамылған көрікті далаға асыр салып, демалуға кім бармас! Сәнді сарайлары, алуан-алуан қызықтары бар мұндай дарқан біздің елімізде ғана бар. Өйткені, Коммунистік партия мен Совет үкіметі жас өспірімдер игілігінен ештеңені теткімейді.

Совет жастары Отан-анасынан быйыл жазда осындай тамаша сыйлық алды. Быйыл август айында бұл стадионда СССР халықтарының спартакиадасы өтті. Оған 40 ұлттың уәкілі қатысты. Спартакиада да Бүкілодақтық 33 рекорд, дүниежүзілік 9 рекорд жасалды.

СССР жоғарғы Советі Президиумының указы бойынша бұл Москваның орталық стадионы ұлы көсеміміз және ұстазымыз В. И. Лениннің есімімен аталатын болды.



ПИОНЕР

№ 10
ОКТАБРЬ
1956 жыл

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.

Сондағы ұялзаның ай

Әңгіме

Жаз бойғы демалыс, несін айтасыз, адамды тойдырып-ақ тастайды. Мектепке сағына келесің. Шынымды айтсам, ертең оқу деген күні алақайлап қуанушылардың бірі мен болдым. Қуанбасқа не? Енді 6-кластамын. Алдағы жазда жетіншіге секіремін. Менің оқуға баруыма апам да әзірленген екен. Көйлек-көншегімді жуып, формамды утюгтеп қатырып қойыпты. Таңертең тұрысымен айнаның алдында өзімді туралап та, қырындап та, сырттай тұрып та қараймын. Сіресіп қалыппын. Шалбарымның қырлары ұстараның жүзіндей. Гимнастеркам бойыма қонып, екі иығым тіп-тік болып, әскери адамға ұқсап тұрмын. Белбеуімнің айылбасы жалтырап, айнаға жалт-жұлт шағылысады. Фуражкамды басыңқырай кигенде, оның күнқағары өңіме ересек рең беріп, балалықтың дәуір — шарқынан алысқа ұзатып әкеткендей сезіледі. Қаладан сатып әкелген кішкене қара портфелімді қолыма ұстап, кеудемді кере тәштия қалып ем, көңілім тіпті өсе түсті.

Не керек, достарым, ертеңінде таңертең тұрып, қатып киіндім де, мектебіме бардым ғой. Жолдастарым мені сағынып, мен оларды сағынып қалыппын. Құшақтаса көрісіп, шүйіркелесе сөйлесіп, мәрә-сәрә болыстық. Алғашқы қоңырау құлаққа қандай жағымды. Класқа кіріп, партаға отырдық. Қазір өзіміздің класс жетекшіміз Жақып Аюпович келуге тиіс. Өзі бір әйдік мұғалім. Әдебиетші. Мені жақсы көреді. Сабағынан «5» пен «4» тен басқа баға алып көргенім жоқ. Әттең шіркін, ептеген қыйсықтау мінездерім бар, әйтпесе Жақып Аюповичпен жақсы дос боп ке-

тер едім. Кейде кластан тыс уақытта менімен қалжыңдасып та қоятын өзі.

— Далабай Бақытович! — дейтін.

— Тыңдап тұрмын, Жақып Аюпович! — деп мен де тақ ете түсемін. Күлетін де:

— Қыяңқылық нормасын орындап жүрсің бе? — дейтін.

Мен не дерге білмей қысылып, қызарып кететінмін.

— Жарайды, жарайды. Бар. Тәртіпті бол, Далабай Бақытович! — деп жөнеле береді.

— Құп болады, Жақып Аюпович! — деп мен қаламын.

Осы жазда мен Жақып Аюпович айтқандай, сол қыяңқылық нормасын асырыңқырап жібердім бе деймін. Бірақ, оны айтпай қоя тұрайын, кейін байқарсыздар...

Иә, сөйтіп Жақып Аюповичті күтіп отырмыз. «Қоңырау соққалы біраз болды, неғып жатыр, класты сағынбаған ғой өзі» деген ойлар келеді.

Әне келді, келді! Жым-жырт болдық. Орнымыздан бір кісідей атып тұрдық. «Ой, қасқырың! Денесі жұмырланып, желкесі шүйделеніп семіріп алыпты. Қараторы жүзі жылтырап кеткен бе өзі, немене! Мәссаған, мұрты жоқ еді ғой, демалыста тапқан олжасының сыйқын!» Мен түрегеп оған қарап тұрып осындай ойда болдым. Шынымды айттайын, бұл кекесін ой емес, оған сүйсінгеннен туған ой.

— Сәлеметсіңдер ме, балалар!

— Сәлеметсіз бе, Жақып Аюпович!

— Отырыңдар!



Отырдық. Көз қыйығын бәрімізге бір тастап өтті де:

— Беттеріңе қан ойнап, қызара бөрітіп, оңалып қалыпсыңдар,— деп әзіл айтты. Біз күліп жібердік. Сәлден соң: — Тойған қозыға ұқсайсыңдар,— демесі бар ма. Тағы күлдік.

Алғашқы сабақ осылай ұстаз бен шәкірттердің әзіл күлкісімен басталды. Мұғалім ортаңғы партадағы Әміреш деген балаға қадала қарап отырған. Кенет:

— Сен жазда қалай демалдың? — деді.

Әміреш орнынан ұшып тұрып: — Мен... мен...— дей бастаған-ды.

— Бүгін, сендермен осы тақырыпта кеңесеміз, арнаулы сабақ өтпейміз,— деді мұғалім. Жұрт енді Әмірешке қарап ду күлді. Әміреш ұялып қалды. Мұғалім де сәл жымыйып: — Кәне, бұл туралы қайсың сөйлейсіңдер, бәрің де жақсы демалған боларсыңдар,— деді.

Мұндай «сабаққа» оқушылардың бәрі қуанысып қалды. «Мен, мен» деп қол көтеріп, тілек білдірушілер де шыға бастады.

— Ал, Әділ, сен айтшы, қолыңды бұрын көтердің ғой,— деді мұғалім.

Әділді мен ұнатпайтынмын. Өзі бір тықылдаған сөзге пысық бала. Сонысын жұртқа көрсетіп қалғысы келе ме, қайдам, әйтеуір — «Далабай тәртіпсіз, Далабай тұрпайы, Далабай достарын сыйламайды» деп өрнені айтып жыйналыстарда мені сынағышақ еді. Енді білгірсініп сол сүйреңдей қалыпты.

— Біз демалған кезде колхоз шөп шабуға кіріскен,— деп бастады ол сөзін.— Колхозға қолқабыс жасайық дестік. Сөйтіп, кластас Әміров, Теміров, Жәңгіров, Марал-

баева — бесеуіміз тырнауышпен шөп жыйнастық. Шөп шабу аяқтала бергенде, егін жыйнау келіп қалды. Біз әрқайсымыз бір атарба алып, бункерден қырманға астық тасыдық...

Мен оның бұл сөзіне іштей ыза боп отырмын. «Шөп жыйнау, астық тасу да демалыс болып па, соны несін айтады екен» деймін ішімнен.

Бұл ойымды сыртқа шығарып, Әділдей дұшпанымды бір мұқатып тастағым да келеді. Бірақ, оным болмады, неге екені белгісіз, мұғалім де, оқушылар да оны ұйып тыңдап отыр.

— Ал, қанша еңбеккүн таптың? — деп сұрады мұғалім.

— Елу бес.

«Е, тәйірі, колхозға көмектесу үшін емес, ақша табу үшін жұмыс істеп жүр екенсің ғой» дей жаздап ем, мұғалімнің:

— Бәрекелде, үлкен табыс,— деген сөзін естіп, жым болдым. Әділ әлі «бөсіп» тұр.

— Соңғы 12 күнде колхозаралық пионер лагерінде болдым. Онда жақсы демалдық. Суға түстік, күнге күйдік. Жорыққа шықтық, серуен жасадық. Биология бұрышына әкелген сыйларымыз да бар,— деп мақтанып қойды.

— Ой, мақтаншақ,— дедім мен бұдан әрі шыдай алмай,— Есілдің суына түссең қайтер ең!

Жақып Аюпович маған көз қыйығымен бір қарап қойды да:

— Жақсы, жақсы демалған екенсің, Әділ! — деді. Әділ отырған соң тағыда қол көтерушілер болды.

— Ал, Ағыбаева, сен қалай өткіздің демалысты?— деп сұрады мұғалім Жамалдан. Жамал өзі аузынан сөзі түсіп тұратын, сүзжүрек қорқақтау қыз еді. Одан сабақ сұрағанда да ол өзіне-өзі сенбей дауысы дірілдеп білгенін зорға айтып шығатын. Енді сол да қол көтеріп жұрт алдында сөйлеуге айналыпты. Бұған менің жыным ұстады.

— Менің шешем екінші фермада сауыншы болып жұмыс істейді,— деп оның бастай беруі мұң еді.

— Шешен туралы емес, өзің туралы айтсайшы,— деп мен оның сөзін бөліп жібердім. Балалар күліп қоя берді. Бұған мен көтеріліп қалып ем. Мұғалім маған қаттырақ қарап:

— Жандосов, тыныш! — деді. Партаға бұға қалдым. Жамал кібіртіктеп сөйлеп тұр.

— Шешемнің қасында болып, сыйыр сау-

уды үйрендім. Сауыншыларға анда-санда кешкісін дауыстап кітап оқып бердім. Бұл өзіме де, оларға да пайдалы болды...

Бұдан кейін Қаппас сөйлеп, қойшы әкесіне көмектескенін, қозы баққанын айтты. Мұғалім оның бәрін де мақұлдап отыр. Быйыл жазда құрбыларымның бәрі шешен боп кеткен бе деймін, белсене сөйлеп жатыр. Мешел балаша мелшиіп отыра беруге намыстандым да мен де бір қабат қолымды көтеріп қалдым да, отқа күйгендей, кенет тартып алдым. Неге екенін өзім де білмеймін. Әлде өзімнің жазғы істерімнің жақсы-жаман екеніне көзім жетпеді ме, әлде сөйлеуге батылым бармады ма, әйтеуір, осыдан кейін «Мен жазда не істедім?» деген сұрақ көмейіме тығылып тұрды да қалды. Істегенімнің бәрі көз алдымнан кешегідей тізіліп өтіп жатыр.

...Мойнымыз сораып, жазғы каникулға жеттік пе, жетпедік пе деген кезіміз еді. Манағы Әділ, Қаппас, Жамал сыяқты бір топ белсендісімақтар: «Демалысты игі еңбекпен өткіземіз. Еңбек — ең пайдалы демалыс» деп әуелден-ақ тықылдап біткен. Олардың үніне қосылушы жандайшаптар да көбейіп кетті. Осы колхоздың тірегі солардай-ақ, бір-екі айдың ішінде өзі артта қалған колхозды екі аяғынан тік тұрғызардай болып, бәрі гу-гу етіспеді ме түге! Соны естідім де, «аш құлақтан тыныш құлақ» дегендей, каникулға шығысымен бір күнде қалаға тартып отырдым. Қалада әкемнің Шалабай деген інісі тұратын. Бір мекеменің бақандай бухгалтері болып істеуші еді. Сол үйге келіп түсіп ем, аға-жеңгем бәйек боп қарсы алды. — Жат. Тынық. Ойна,—деді. Менің іздегенімнің өзі осы емес пе. Қаладан табан аудармай жүре бердім. Көргендерім де көп сыяқты. Барған бетте ағай мен жеңгейге еріп екі рет кино көрдім. Бұл айтуға тұрарлық нәрсе. Бірақ, мұғалім: «қандай фильм?»

деп сұрап қалса, айта алар түрім жоқ. Ұмытып қалыппын. Байыптап көрмесем керек, мазмұны да жадымда қалмапты. Бір рет паркке бардым. Есілдің суына түсіп, құмына жаттым. Күнге күйдім. Тамаша емес пе!

Тағы не істедім, ә? Бұдан арғы істерімнің жақсы-жаман екенін өзім де білмеймін. Әйтеуір, кезінде қызық сыяқты еді, бірақ қазір мына балалар мұндайдың бірін айтпады. Мен айтсам ба? Осы отырғандардың бәрінің аузынан сілекейлерін шұбыртып, көздерін қызықтырсам ба? деп ойлаймын. Айтар сөзімнің бәрі көмейіме тығылып, тілімнің ұшында тұр.

... Мен қалада ағайға көршілес Әлім, Сәлім деген ағайынды екі баламен дос болдым. Үшеуіміз ылғи бірге жүрдік, бірге ойнадық. Ой, айта берсең, ол үшеуіміздің талай қызықтарымыз болды ғой. Асық атып, «шық етер», «алтыатар» деген ойындарды ойнағанда түбін түсіретінбіз. Доп қуып, оның да неше атасын үйрендім. Қала балалары дегенмен ойыншыл келеді. Әсіресе, Әлімнің ләңгі тепкенде аяғы-аяғына жұқпайтын. Кейін мен де оны қуып жетіп қалып ем. Қазір ауылға келгеннен бері соның бәрін ұмытыңқырып барамын. Айтпақшы, олардан мен чижик ойынын да үйрендім. Әлім мен Сәлім қаланың қыяңқылары болса, мен даланың қыяңқысы. Үшеуіміз қосылған жерде ұрыс-жанжалсыз да жүрмейміз. Бізге сырттан асық ойнауға келген бала естете ұтып өкеткен емес. Ұтылса, жайымен та-



ту-төтті айырылысамыз. Ұтса, жібермей тартып алып қалуға дейін барамыз. Бір күні ләңгі ойнауға келген Кемел деген баланы да жазықсыздан жазықсыз желкелегеніміз бар-ды. Әлім мен Сәлімнен мен тек бір-ақ «өнерді» шала үйреніп қалдым. Ол—шылым. Ол соққандар шылымды конфетше сорады екен. Шылымның зыянын оқып та, естіп те білгенім бар ғой, оған онша беріліп кетпедім. Әлімдердің көзінше ауызға алғаным болмаса, машықтанбадым.

— Ой, мұның не? Түтінді ішіңе жұт! Осылай да тарта ма екен,— дейтін олар. Мен бір қабат ішіме жұтам деп қақалып-шашалып берекем кеткені бар. Олар бұған қарқылдап тұрып күлген. Бірақ, қанша дегенмен шылымды ауылға ала келгем жоқ. Сәлімдермен қоштасқанда онымен де бірге қоштастым.

Иә, сөйтіп мен осылай демалдым. Оқу басталуға екі-ақ күн қалғанда ауылға жетіп келдім. Міне, енді осыны айтуға батпай отырмын. Мана қолымды бір көтеріп қалып, кенет тартып алғанымның да себебі осы болса керек. Ақыры көпшіліктің сөздерінен түйгенім сол, бұл істерім үшін мені мақтамас, одан да үндемей отырайын дедім. Сөйтіп, енді мұғалім маған қараса, партаға иегімді тосып бұға түстім. Онсыз да төпелтек бойым отырғанда партадан аса сорайып көрінбеуші ем, енді мүлде басым ғана анда-санда қылтыйып бір көрінеді де, етпеттеп жата қалады. Осымен қоңыраудың соғуын күттім. Бірақ қоңырауы түскір соға қоймады. Менің бұқпантайлап отырғанымды көзі шалды ма, әлде манағы Әділ мен Жамалдың сөздерін бөлгенімді жаратпай қалды ма, бір уақытта мұғалім тұрып:

— Ал, Жандосов, енді сен айтшы!— деді.— Демалысты көңілді өткізген боларсың?

Сүйретіле орнымнан тұрдым. Бірақ, нені айтарым, неден бастарым ойыма келмей, аузыма құм құйылғандай үнсіз тұрып қалдым.

— Иә, неге үндемейсің, айт мына жолдас-тарыңа, қысылма!— деді тағыда мұғалім.

— Мен, мен қа-ла-да ағай-дікінде демалдым,— деген сөз үзіле-үзіле әрең шықты. Бұдан әрі тағы үндемей қалдым.

— Неше күн?— деп сұрады мұғалім.

— Жаз бойы.

— Не істедің, қалада не қызық көрдің? Айта бер,— деді.

Бұл сұрақ мені бұрынғыдан жаман қыса түсті. «Қара кісіден тер шыққанша, сары кісінің жаны шығадының» кері келді. Өзім сары адам, маңдайымнан шыққан тер бетімді шайып, мөлиіп тұрмын. Не айтуға болады? Суға түсіп, күнге күйгенімді ғана айттым. Басқасын бүгіп қалдым.

— Жарайды, отыр!— деген сөз жаныма жағып кетті. Бірақ «енді не айтар екен»,— деген ой қыйнап барады.

Дес бергенде, ешкім ештеңе деген жоқ. Жалғыз-ақ, мұғалім менің мұным қате, жағымсыз әдет екенін, ол ақсаусақтыққа, жалқаулыққа, еңбек сүймеушілікке ұрындыратынын ақырын, бірақ зілі бар үнмен айтты.

Oh! Қоңырау соқты! Бірақ, бұған мен бұрынғыша қуанбадым. Жазғы істеріме қатты өкіндім. Құрбыларым бұдан соң мені көпке шейін Далабай демей, Қалабай деп қалжыңдап жүрді.

Сондағы ұялғаным-ай!

Р. Ыдырысов

Н. Айдаров

ЕКІ ӨЛЕҢ

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Көз алмастан қараймын кең далаға
Келбетіне қызығып қызылкүрең.
Баурым төсеп аунаймын, айналама
Әжем төсеп қойғандай қызыл кілем.

Со бір жылда аунаушы ем дәл осылай
Шыжыған күнге балғын денем күйіп.
Білмеппін-ау сол кезде мейрім қанбай
Аунауымның себебін жаным сүйіп.


Тағы, міне, бала әдет қайта оралды,
Келеді әлденеше қайталағым...
Мұрт шықса да бала екем туған жерге
Аунадым... айтарымды айта алмадым!

ҚАРЛЫҒАШ

Қарлығаш-ау, балапаның
Қанаттарын қомдады,
Ұмтылады, талпынады
Ұшып талға қонғалы.

Сен өзіңнің балаң үшін
Дем алмадың, талмадың,
Ұшырам деп оны ұядан
Дүниені шарладың

Балапандай қанаттарын
Жаңа қақты ойларым.
Қашан еркін ұшар екен
Деген төтті ойдамын.



Сәкен Жүнісов

Әңгіме

Ауладағы кеме бір-ақ күнде дайын болды. Ол — ыстыққа қаңсып, жымдасқан қайқы тақтайлары сөгіліп арса-арса болған ескі қайық. Бізге тамаша бір ой түсті де, бұл қайықты тазартып алдық.

Енді міне, анадайдан қарасаң ол шын кемеңің өзі тәрізді. Оның дәл ортасында орналастырылған ескі, қаңылтыр мұржаны Боря өз үйінің сарайынан әкелді. Кемеңің алдыңғы жағына бекітілген арба бел ағашын мен таптым. Бәрінен де Болат әкелген кіш-

кентай театр дүрбісі қандай әдемі. Түгел кинода көргенімізден айнымайды.

Бірақ осының барлығы да лезде болғанымен, шатаққа енді келдік. Ол — кімнің қандай қызмет атқаратыны туралы еді. Дүрбіні иемденіп мойнына асып алған Жайнақ деген бәрімізден бойы ұзын қара бала:

— Мен капитан. Сен штурман, сен рулевой, сен кок, сен матрос, — деп, қызметті өз еркімен бөле бастады.

Бірақ біздің оған көңіміз келмеді.

— Ия, мен боламын капитан, мынау менің мамамның дүрбісі, — деп Болат шіңк-шіңк етеді.

Әдемі дүрбімен көк теңізді айнала шолып, команда беру менің көңілімде де тұр.

— Мен кок бола алмаймын, өзім ап-арықпын. Мейлі, Славик болсын, бұл лайық қой кокке, — деді Рашит деген бала, денесі жұп-жұмыр сары баланы нұсқап.

Оның да көңілі капитанға ауып тұрса керек тегі. Біз жарты сағаттай шаң-шұң болып, мүлде келісе алмай-ақ қойдық.

Осы кезде, жақын жерде, маңайында жаңа отырғызылған тал шыбықтары бар беседкада газет оқып отырған мосқалдау адам орнынан тұрып, бізге беттеді. Ол осы МТС тің инженер-механигі екен. Ол кісі көздірігінің шынысын қол орамалымен сүрте тұрып:

— Балалар, бәріңнің капитан болғыларың келеді ғой тегі, — деді, бізге айнала, жымыя қарап. Біз «иә» деген ойымызды, үндемесек те көз қарасымызбен-ақ аңғарттық. Инженер біздің жауабымызды күтпей-ақ:

— Капитан, штурман, рулевой, кок, матрос — бәрі де тамаша қызметтер. Тек дұрыс атқара білу керек. Егер өз қызметіңді жақсы орындасаң, одан асары болмайды, — деді бізге түсіндіріп. Бірақ оның мына сөзі, бізге әншейін жұбату үшін ғана айтылғандай көрінеді. Осы ойымызды сезіп қалған ол кемеңің бір жақ «бортына» отырды да:

— Мен сендерге бір әңгіме айтсам тыңдайсыңдар ма? — деді. Біз бір-бірімізге қарасып алып, тыңдаймыз деген ниет білдірдік. Инженер аз ойланып отырды да, әлде бір ұмытып қалған жайды енді есіне түсіргендей сөйлеп кетті.

— Мен жасымда көрсеқызар, тіпті тұрасын айтқанда, қызғаншақ болдым.

Біз бір анадан үш бала едік. Солардың ең кенжесі мен болдым. Бірақ кенже дегені болмаса, бауырларым өзімнен бір жас үлкен Ваня, үш жас үлкен Сонямен кешқұрым

үйде отырғанда бірге ойнай беретінмін. Әйтседе олардың ойыншығынан көрі менің ойыншығым көп болды. Себебі, мамам не папам дүкеннен жаңа бір ойыншық алып келсе-ақ, оны мен иемдене қоятынмын да, аяқтары сынып ақсап қалған ағаш атым, құлағы жұлынған «саңырау» мишкам ана екеуіне тиетін.

Ал, егер жаңа ойыншықтың бір жеріне ақау түсіп не қызығы басылып, жалықтырып бара жатса, жаңағы қалған ойыншықтарымды қайтадан алып қоятын мінезім тағы бар.

Кейде Ваня бергісі келмей, күш көрсете бастаса етпемнен түсіп, көзімнен жас шығармай ғана бақырып аламын. Ондай кезде:

— Бақырма! Түнеугүні бұл ойыншықтарды өзің керексіз етіп тастағаның қайда? — деп папам ұрсып тастайды.

Мен одан сайын шыңғыра түсемін, үйткені мамамның болысатыны белгілі.

— Беріңдер Женяға, ол сендерден кіші емес пе! — деп олардың қолындағыларын маған алып берер еді.

— Сен бе сен, қызғаншақ боларсың-ау, сірә,— деп, папам өз жұмысымен айналысып кетеді.

— Сен бе сен, қызғаншақ боларсың-ау,— деп папамның сөзін бұлжытпай, Ваня мен Соня да менің ырқыма амалсыз көнгеннен басқа қарсылық білдірмейді.

Мамам екеуіміз сендерді қалай жеңдік деген мақтаныш билейтін мені ол кезде.

Ал енді мен мектепке оқуға түскеннен кейін жағдай өзгеріп кетті. Кейде ойымдағы қалауым орындалса, кейде орындалмай қалатын болды.

Бірінші класта мен өте жақсы оқыдым. Күнделікті сабаққа қашан да болмасын дайындалып отырамын. Оқытушы бүкіл класқа сұрақ қойса, қолымды көтермей қалған күндерім жоқ. Бірақ, қолымды көтерген сайын менен сұрай бермейді. Кластағы оқушыларды аралата сұрайды. Бірде:

— Мұғалім, мен айтамын, мен, мен... — деп айқайлап та жібердім.

— Никитин, сен неге айқайлайсың, жай ғана қолыңды көтерсең болмай ма? — деп, оқытушы өзімді қағытып та тастады. Бірақ мен:

— Мен бұл тақырыпты басқалардан артық болмаса, кем білмеймін, менен неге сұрамайсыз,— деп, өзімнің дұрыстығымды дәлелдегім келеді. Шынында менің білетінімді басқалар айтып тұрғанда, сен білмейсің,— деп біреу таласып тұрғандай-ақ, мен де оны

білемін деген ойымды айтқым көп тұратын.

Міне, менің жасымнан қалыптасып келе жатқан осы мінезім, мені бір рет қатты ұялты да өкіндірді. Оқу жылы аяқтала бастаған кез. Мектеп оқушылары 1 Май мерекесіне қызу дайындалып жатты. Бұл дайындық біздің 4-класс оқушыларының үлесіне де тиді.

Бір күні сабақ артынан оқытушымыз Тамара Владимировна Володя Шевцов, Саша Сперидонов деген екі оқушы мен мені алып қалды. Бізге мереке күні тақпақ орындауымыз керек екендігін айтты. Үйткені үшеуіміз де өлеңге көп қаблетіміз болмағанмен, тақпақты нақышына келтіріп айтып беруге оңтайлы сыяқтымыз. Тамара Владимировна үш түрлі тақпақты көрсетті. Және де бұл үшеуінің де қызықты екендігін ескертті. Бірінде айлалы түлкінің мақтаншақ қарғадан ірімшікті қалай алдап алғандығы айтылса, екіншісінде кім болғысы келетін баланың қыялы айтылады. Үшінші пионер туралы,

Бірінші таңдау маған тиді. Мен үшеуін де қайта-қайта оқып шығып, қайсысын таңдарымды білмедім. Үшеуі де тамаша сыяқты. Осының үшеуін де мен алсам қайтеді дегім келіп кетті бір кез. Бірақ айтпадым.

— Бол,— деді менің таңдауымды тосып отырған Тамара Владимировна.

— Мен... мен мынаны аламын,— деп, қолымды біріншіге апара бердім де, екіншіні нұсқадым.

— «Кім боламды» аласың ба? — деді оқытушы. Дүдәмәлдау «Ия,— дей беріп,— жоқ пионер туралы тақпақты аламын» — дедім солғын ғана.

Қалған екі тақпақты Володя мен Саша тез бөлісіп алды.

Сол күні мен сабақты да дұрыс оқый алмадым, тіпті жатқан кезде әдеттегідей тез ұйқым да келмеді, қашан көзім іліккенше әлгі үш тақпақ есімнен кетпей-ақ қойды. Бірде «Түлкі мен қарғаны» әдемі орындай білген Саша, көрушілердің алақанының қатты соққан дыбысы мен ду күлген күлкісі елестесе, бірде «Кім болам, ойлар шақ жетті» деп аузын толтыра нашына келтіріп орындап тұрған Володя елестейді. Әсіресе, «Қарға мен түлкіге» халық көп күлетін сыяқты көрінеді.

Ертеңінде, біраз толқып жүрдім де Тамара Владимировнаға пионер туралы тақпақты жақсы орындай алмайтындығымды айтып, мүмкіншілігі болса күлдіргі тақпақты ауыстырып беруін өтіндім. Оқытушы біраз

ойланып отырды да, Сашаны шақырып алып, оның бұған қалай қарайтындығын сұрады. Саша көп ойланған жоқ.

— Жарайды,— деп басын изеді. Бірақ мен ол тақпаққа да тұрақтай алмадым, көп ұзамай «Кім боламды» алдым.

Бұл жолы оқытушыға тура бармадым. Әуелі Володяға барып сұрадым. Ол біраз уақыт айырбастауға қыйғысы келмей, қыйналып тұрды да, ақыры мен қыйналып сұраған соң көнді. Сонымен «Кім боламды» жаттай бастадым.

Біздің мерекеге тақпақпен дайындалып жүргеніміз, кластағы оқушылардың арасына лезде тарап кетті. Олар өзара күнде таласа-

ге айтсам ұрсады-ау деп, бата да алмаймын. Әйтседе амал таптым.

Мерекеге үш-төрт күн қалған еді. Мен тағыда Тамара Владимировнаға келдім.

— Тамара Владимировна,— дедім сәл күмілжіп, даусым өз-өзінен дірілдеп шықпай



ды. Бірі орындауға «Қарға мен түлкі» жақсы десе, екіншілері «Кім боламды», тағы бірі «Пионерді» мақтасады.

Бір күні менің қасымда отыратын Коля деген оқушы:

— Сен қандай тақпақты алдың? — деп сұрады менен. «Кім боламды» алғанымды айттым. Мұны естіген ол мұрынын сәл тыржыйтып:

— Одан да «Пионерді» неге алмадың. Ол қандай жақсы шығады. «Мойнымда қызыл галстук» деген жерге келгенде, өз галстугіңді көрсетсең, қандай дәл болады,— деп, пионер туралы тақпақты мақтай жөнелді.

Маған расында осының сөзінің жаны бар-ау деген ой келді. Содан былай «Пионер» қайтадан жақсы көрінді де тұрды. Өкінгенім сондай, тіпті ақыры алған тақпағым ең жар болып, жаттай алмай қойдым. Енді мұғалім-

қалды,— «Кім боламды» айта алатын түрім жоқ, ырғағына келтіре алмадым.

— Өткен жолы әжептеуір айтып едің ғой. Менің түзе деген жерімді түзедің бе? Кәне айтып көрші,— деді Тамара Владимировна.

Мен айта бастадым. Бұл жолы өткендегіден де нашар шықты білем, Тамара Владимировна қабағын шытып тыңдап отырды да:

— Жарайды, айта алмайды екенсің. Ертең халық алдында бүлдіріп алсаң масқара болармыз. Бұл тақпақты Сашаға берейін,— дегенді айтты.

Менің ішім жылып кетті. Сашаның жаттап жүрген «Пионерін» қайта алдым ғой деп өзімше мазданып, мұғаліммен қоштастым да, жүгірген бойымда үйге келдім.

Біздің көптен күткен мереке күніміз де келді. Мерекеге арналған оқушылар концерті мектебіміздің кең клубында өтетін

болды. Бұл туралы ата-аналарға алдын ала хабарланған.

Ол күні кешке дейін мамам да, мен де дамыл таппадық. Мамам мерекеге арнап ақ көйлек, қара шалбар тігіп жатты, мен жап-жаңа галстугімді қайта-қайта утюгтеумен болдым. Әрбір қыймыл сайын, «Мойнымда қызыл галстук»... деп, тақпағымды қайталай беремін. Мамам ісін тіге отырып, маған сүйсіне қарап қояды.

— Саспай анықтап айтатын бол. Кешке папаң да баруға келіскен,—деп ескерте сөйлейді.

Хабарландырған уақытқа халық мектепке қарай лек-легімен ағыла бастады. Лезде-ақ клубтың іші лық толып кетті.

Ойынды басқаратын жоғарғы кластың бір оқушысы. Ол концерт басталмас бұрын, оған қатысатын оқушыларды жыйнап алып, программамен таныстырып жатты. Мен оларға жақындамадым, кезінде бір-ақ келермін деп, түпкірдегі класқа еніп тақпағымды қайталаумен болдым.

Міне, концерт те басталды. Біз сахнаның артынан орын алдық. Мен шымылдыңтың саңлауынан залдағы халыққа ұзақ қарадым. Бәрі де мерекеге сәнді киінген, сахнадан көз алмайды.

Әрбір номер сайын ду қол соғады. Жыпырлаған бастардың арасынан мамам мен папамды да көрдім. Олар осылай қарай көздерін тіге, міне, міне Женя шығады деп асыға күтіп отырғандай.

Бір кезде конферансьенің даусы саңқ ете қалды.

— Крылов — «Қарға мен түлкі». Оқыйтын 4-класс оқушысы Саша Сперидонов.

Тым-тырыс, сахнаның үстінен аяғын тықтық басып Саша ортаға тоқтады:

Жұрт біледі, күледі...

А дегенде даусы қарлыға, баяулау басталған Саша қатты бір жөтеліп алды да, әрі қарай шешіле оқып кетті. Алғашқыдағы тізелерінің дірілі де басылып, жіңішке, ащы даусы барған сайын асқақтай түседі.

...іс бітті, қу кетті.

Жұрт осы өлеңді талай естіп жүрсе де, аса бір ризалықпен ду күлісіп, жаппай қол соқты. Қайта-қайта шақырады. Сахнаға жүгіре шыққан Саша да әдеппен ізет етіп, сыпайы бас иеді.

— Қап, мына тақпақты алмаған екенмін!— деп өкіндім. Үш-төрт номерден кейін Воло-

дя шықты. Ол да Сашадай тамаша орындап, жыйынды сүйсіндірді.

Ендігі кезек менікі.

Менің жүрегім бағанағыдай емес, дүрс-дүрс соғады. Маңайдағы оқушылар менің кезегімді білетін болар деп, әрқайсысына айнала қараймын. Осы кезде артымда тұрған Тамара Владимировнаны көрдім.

Оның жүзіне жымыя қарап едім:

— Қалай орындайды Саша мен Володя, тамаша. Солай емес пе?—деді салмақты жүзбен сәл езу тарта. Мына сөзі маған тіпті салмақ арта түскендей болды.

«Қап «Пионерді» несіне алдым екен. Аналардың бірін алғанда ғой, мен де солардың бірі ғұрлы орындайтын едім».

Осы кезде, бағанадан құлағым үйреніп қалған конферансьенің даусы тағыда саңқ ете қалды.

— «Пионер». Оқыйтын 4-класс оқушысы. Мен бар жігеріммен ұмтыла беріп, кеудемнен әлдекім қойып қалғандай тұра қалдым. Конферансье мені атаған жоқ.

— 4-класс оқушысы Юра Остроумов,— деді. Жүрегім су ете қалды. Сахнаға алшаңдай басып шыққан өзіммен кластас Юра менің ойымда сайрап тұрған сөздерді оқый жөнелді. Мынасы несі... Мен Тамара Владимировнаға жалт қарап едім.

— Көрдің бе, сенің жаратпаған тақпақтарың көпшілікке қалай ұнайды. Тұрақтылық, табандылық керек, Женя, табандылық!— деді ол, түсініксіз жайды өзі түсіндіріп.

Менің жылап жібергім келді. Бүкіл буыным дірілдеп шыға жөнелдім. «Пионерге» соғылған қолдар даусы, үйге жеткенше құлағымда тұрды.

Әңгімесін аяқтаған инженер «міне, осындай жағдай болған» дегендей бізге айнала күлімсірей қарайды.

Біз, ол кетіп бара жатқанда, өз кемшілігін жасырмай айтқан адамның артынан таңдана қарадық.

Оның артынша біздің ойынымыздың да қалай реттеліп кеткенін аңғармай қалдық. Корабльдің алдыңғы басына шығып алған Жайнақ әдемі дүрбімен айнала қарап:

— Рульді оңға, солға!— деп айқайлап тұр. Штурман Витя оның қасына жүгіріп келіп, әлдебір бұйрықтарды қабылдап, маңдайына апарған қолын түсірместен кейін жүгіреді.

Ал мен болсам, үлкен белағашты әрліберлі бұрып, маңдайымнан шыққан терді, сұқ қолыммен сыпырып тастап, тыным таппаймын.



Кешірімен қатпе

Әңгіме

Соңғы сабақ еді. Бүгін балалар көңілсіз ғана амандасты. Класта бір қолайсыздық бар сияқты. Үнемі көңілді жүретін Жарқын да томсырая қалған, күлдіргі Қошқарбай да басын тұқыра түсіп, бір нәрсені шұқылай береді. Қайтсе де бір әбігер бар екені белгілі болды.

Мұның себебінің не екендігін тезірек білуге ынтықсам да сабақ бастадым. Байқаймын, көңілсіздік бірте-бірте серпілгендей болса да айығып кеткен жоқ...

Сабақ аяқталып, қоңырау соғылды.

Мен жыйналып жатып балаларға қарап қоямын да: «Жаңағы жайды өздері бастаса дұрыс болар еді» деп ойлаймын. Сол кезде Жарқын тынышсыздана бастады, шамасы мені кетіп қалар деп ойласа керек. Мен осыны пайдалана қойдым.

— Немене, Жарқын, бір нәрсе айтқың келе ме?

— Жоқ... әлгі, ...я... кінәмыз,— деді ол беті дуылдап. Басқалары да болымсыз сылтаулармен маған қарамауға тырысады.

— Неткен кіна, екі алғандар бар ма?

— Жоқ, ол емес...

— Әлде бірдеңе бүлінді ме?

— Ол да емес.

Шыдамым таусылып қынжылсам да, болған қолайсыздық үшін бүкіл кластың өздерін ұятты сезінуі мені сүйсіндіріп тұр.

— Енді не?

— Ұрланды,— деді ол әрең есітілердей күмілжіп.

Бұл сөзді естігенде, шынымды айтайын, өзім де абыржып қалдым, үйткені мұның өзі мүлде күтілмеген жай еді.

— Не нәрсе, кімдікі, қашан? — деп бастырмалата жөнелдім, шамасы толқып тұрғаным байқалып қалды-ау деймін.

— Бөкеннің готовальнясы.

Сұрастырсам істің жайы былай болған екен.

Бүгін сызу сабағынан кейінгі үзілісте Бөкеннің кеше ғана сатып алған су жаңа готовальнясы жоғалды. Балалар әбігерлене жүріп бүкіл класты қарап шығады, «алғандарың беріңдер» деп жар салады, бірақ готовальня сол бойы ізсіз кетеді. «Ертең ақша жыйнап Бөкенге жаңа готовальня сатып әперейік, ешкімге сездірмей істі солай тындырайық» деушілер де табылыпты. Бірақ қалғандары оған қарсы болып: «Егер бұлай жасырып қалсақ, бұл қылық тағыда қайталанары» деп дәлелдепті.

Сонымен не болса да істі ортаға салуға ұйғарып, мені күткен көрінеді.

Мына көрініс маған әрқыйлы ойлар туғызды.

«...Мүмкін, бұлардың ешбірі де кінәлі емес шығар, готовальняның басқа бір жағдайда жоғалуы ғажап па!...»

Екінші бір ойлар бұл жорамалға қарсы шығады. «Қандай басқа жағдай болушы еді? — дейді ол ой — Готовальня үзіліс кезінде жоғалған. Суық қол сырттан келді деуге класта кезекші бар».

Соңғы ойдың сыбыры дұрыс сияқты. Ақырында балаларды байқап көруді мақұл деп таптым да сөзімді онан әрі жалғастырып:

— Готовальняны кім алса да ертең осы мезгілге дейін маған әкеп тапсыратын болсын. Бұған не айтасыңдар? — деп сұрадым.

Балалар бұл пікірді дұрыс деп ұйғарды, «байқап көрелік» десті.

Сонымен жұмбақ шешуін ертеңге қалдырып тара-сып кеттік.

II

Келесі күні сабақ соңынан класқа кірдім. Ынтызарлықпен жайнаған қырық пар көз маған қадалған. «Не болды!» деген сұрауды айтпай-ақ ұғындыратын көздер еді бұл.

Готовальняның табылмағаны мазамды кетірді. Балалар: «Бұл ойыннан ештеңе шықпайтын әурешілік қой» дегенді ойлар деп күдіктендім. Оның үстіне «ұр-

лаған бала масайрап отырған болар-ау!» деген ой жанымды жеді. Бірақ, готовальняның табылуынан үмітсіз болғаным жоқ.

— Балалар, готовальня табылмады, бірақ табыл- тынына сенемін. Енді біраз шыдайық,— дедім. Мұны айтқандағым — құрғақ сенімге берілгендігім емес, өзім сырын білетін оқушыларымның таза адамгер- шілік қасиеттеріне сүйенгенім еді.

Балаларда үн жоқ. Жана бір сәтте жайнаған көз- дер тұнжырап кетті. Кейбірінің жүздерінен түңілу- шілік те байқалып қалды.

Осындай бей-жай тыныштықты Райкүлдің даусы бұзып жіберді.

— Мақұл шыдайық, балалар. Адал жолдас бол- са, бізді бір готовальняға айырбастамас.— Оны бас- қалары да қоштады.


Олар кеткен соң класта оңаша қалып, бұл оқыйға- ның немен тынатынын ойлап отырмын.

Аздан соң есік қағылды. Мен «Кірі!» деп дауыста- дым. Есік батылсыздана ашылды да саңлаудан Әшім деген баланың жабырқау, аянышты беті көрінді. Оның мына түрінен айыптының сол екендігін аңғара қойдым. Мынау Әшім ғой деп ойладым таңырқап. Үйткені ол өзі тәртіп бұзғаны сөзілмеген, тым тәуір оқыйтын ұнамды оқушы еді.

«Япырм-ай,— дедім ішімнен,— не ғажап! Өз оқу- шыларымның мінездерін әлі де жете біле алмаға- ным-ау бұл. Ағат істі Әшімнен күтіп пе едім!..» Алай- да, мына сығалап тұрған басқа ешкім емес, Әшімнің өзі. Қатесін өзі келіп мойындаған адамға қатты ке- тудің артықтығын ескердім де:

— Кел, Әшім,— дедім жылы ұшырай. Ол кібірткі- тей басып маған жақындады. Көз шарасы жасқа толып, аузын ашса-ақ ақтарылып кетердей болып қарсы алдымда үнсіз тұрды да, қалтасынан готоваль- няны шығарып алдыма қойды.

Мен үшін ауыр, ол үшін азапты секундтар өтіп жа- тыр. Тым-тырыс.



Зілдей тыныштықты өзі бұзды.

— Кешіріңіз мені... Әдемі болған соң қызығып кет- тім...— деді даусы дірілдеп. Көздеріндегі жас ұсақ- ұсақ тамшы болып жерге домалады.

— Жолдастарыңның қаншалықты ренжігенін біле- сің бе, неге ренжіді олар!

— Білемін... бәрі... бәріне де мен кінәлімін.

— Ал кешеден бері неге мойындамадың сол кі- нәнді!

— Сеніңіз... қысылдым... батылым...— деп онан әрі булығып қалды.

— Батылың жетпеді ме!

— Иә.

Бұл сөздерден оның кешеден бері қатты толқып, өрі-сәрі халде жүргенін байқадым. «Готовальняны неге алдың!» деген сұрау ойыма келіп тұрса да онан әрі қазбалағаным жоқ. Үйткені ол осы бір минут- тарда ауыр азап сезімінен қатты күйзеліп тұрды жә- не бұл сұрауға жауап та бере алмас еді.

— Кешіріңіз,— деді ол тағы да қайталап.

— Әшім,— дедім оған готовальняны қайта беріп жатып,— сен мына готовальняны иесіне қайтар, ал- дымен кешірімді сонан сұра. Онан соң жолдастары- ңа болған істі жасырмай айтып бер, олардың ал- дында айыбыңды жуып, адалдығыңды көрсет.

Ол готовальняны алды да ризалық білдірген пішін- мен шығып кетті.

Сүйтіп жұмбақ сыр сол күні-ақ осындай жағдайда шешілді.

III

Бүгінгі кездесу мүлде басқаша болды. Балалар кө- қілді-ақ. Жүздеріндегі көңіл кірбіңінің ізі де қал- маған секілді. Жалғыз-ақ Әшім ғана өз ісінің өкіні- шін ұмыта алмай жүрген сыяқты.

Арнаулы жыйналыс та шақырылған жоқ. Алайда балалардың қысқа да қызу талқысы жыйналыстағы- дан кем де болған жоқ. Әркім өз пікірін түйінді етіп айтып жатыр. Әшімнің қылығын күні бұрын өзде- рінше талқылап, шешімдерін дайындап қойған бала- лар маған өз ойларын ашық білдірді.

— Біз Әшіммен сөйлестік,— деді Жарқын,— ол біз- ге бәрін де айтып берді. Өз айыбын қорықпай мой- ындады. Сондықтан оның қатесін кешіруге сөз бай- ласқан едік. Енді сіздің пікіріңізді білгіміз келеді.

— Аңдаусыз жасаған әр қате бізге көп зыян ти- гізеді,— дедім мен,— қатені оп-оңай кешіре салуға болар ма екен, оны ойладыңдар ма!

— Мұны түсінеміз, біз әбден ойластырғандай бол- дық. Әшімге де кешірім оңайға түспеген болар,— деп Райкүл балаларға қарап күлімсіреп қойды.— Бі- рақ біз оның адалдығына, келешегіне сенеміз. Бұл сөздерді растағандай-ақ Әшім де төмен қарап тұқы- рып кетті.

Жолдасының ағат басқан қадамына күйініп, сынай білетін, сәтті ісіне қуана білетін мына ұйымшыл жас коллективтің Әшімді тәрбиелей алатынына көзім жет- ті де былай дедім:

— Жарайды, достарым, пікірлеріңе мен де қосыл- дым. Сүйтіп балалар адасқан досын қайтадан орта- ларына алып, қамқорлығына бөледі. Оған сенді де, кешірім жасады. Осы кезде Әшім қандай бақытты болды десеңізші!

Міне, осы бір кішкене оқыйғаның болғанына талай күндер өтті, бірақ мұны ешкім де есіне алмайды.

Готовальня әңгімесі ұмытылған сыяқты. Ақаусыз достығы бар, батыл, шыншыл шәкірттерім маған бұ- рынғыдан да ыстығырақ.

Қазалы станциясы.

Сейіл Боранбаев

СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ, АЙГҮЛ АХМЕТОВНА!

Айша быйыл жеті жасқа шықты. Мектеп босағасынан аттағанына не бары бір-ақ айдай уақыт болды. Бір күні үзілісте залдағы гардеробтан пальтосын алайын деп тұр еді, көзі коридордың ана басында келе жатқан мұғалімі Айгүл Ахметовнаға түсе кетті. Оны көре салып Айша бірер минутқа ойланып қалды. Айгүл Ахметовнаның мана сабақ үстінде айтқан сөздерін есіне алды.

— Үйлерінде, кешеді, қай жерде болма-сын, үлкен адамдарды, мұғалімдерді, жалпы айтқанда, таныстарыңды көргенде амандасып жүріңдер. Оқушы әдепті, ізетті болу керек,— деген еді ол.

Бірақ, оның мұнысын Айша: үлкен адаммен әрқашан да, көрген сайын, сәлемдесіп тұру керек екен деп түсінді. Сол себепті оның қазіргі ойы да төменгідей еді: «Айгүл Ахметовнамен әлі ешкім амандаспаған болу керек... Мен сәлем берейін... өз айтқанын жақсылап ұғып алғанымды көрсін!»

Мұғалім де гардеробқа жетіп қалған екен. Айша жүгіріп барып оның алдына тұра қалды. Сонан соң:

— Сәлеметсіз бе, Айгүл Ахметовна! — деді әдеппен басын иіп.

Мұғалім мұнысына күліп жіберді. Ал, Айша оған сұраулы пішінмен қарап, ештемеге түсінбей тұр.

— Айша,— деді мұғалім,— сенің амандасқаның өте жақсы. Бірақ, сен менің айтқандарымды толық түсінбепсің. Үлкендерге,



не таныстарыңа әр күні бірінші рет көріп тұрғанда ғана сәлем беру керек. Ал, көрген адаммен күніне әлденеше рет амандаса берудің қажеті жоқ. Біз мана таңертең амандастық қой, сондықтан бүгін екінші рет амандаспа да болады.

— О-о-ой, ендеше мен мамаммен де амандаспайын. Ал, ертең ше?

— Ертең, әрине, амандасамыз. Бірақ бірінші рет көргенде ғана, яғни таңертең, бір-ақ рет. Түсіндің бе?

— Түсіндім, Айгүл Ахметовна.

Тельман Жанұзақов

БҰҒЫНБАҚ

Таң бозарды, таң келеді жайдары,
Күн де шықты — күміс сәуле ойнады.
Жылтылдайды шыққа бөгіп, мұлгиді,
Бақшадағы гүлдің алтын айдары.

Күміс сәуле жүгіруін қоймады,
Қырға шықты, тасқа қонды сайдағы.
Суға түсті, шымырлатты су бетін,
От құшағын бар әлемге жайды әні.

Ойды-қырды жарқыраған күн шалып,
Дала тегіс жатса дағы бусанып,
Үй артында көлеңке тұр тығылып,
Тым ойынпаз болар ма өзі мұншалық!

МЕНТАЙ ТӘСІБЕКОВ.

ҰМЫТАР МА...


Өмірдің кең әсігін ашып ол да,
Аяғын апыл-тапыл басты бала.
Былдырлап: — апа,— дейді,— папа,— дейді,
Тыңдаймын осы сөзді мейрім қана.

Отырсам жұмыстан соң тыным алып,
Алдыма келеді ол күлім қағып.
Ұмытам шаршауымды, сергіп қалам,
Әуенін сәбиліктің қайта салып.

Арқалап өте берер уақыт жүгін,
Кеудеге құйып мәңгі сөнбес нұрын.
Жас бала өскенде де ұмытар ма,
Бақытты балдыр күнін, балғын күнін...

ӘБІШ БАЙМҰХАНБЕТОВ,

«Түрген» қой совхозы, Ақжал фермасы.



Халық ұғымында сұлулардың сұлуы су. Су өзінің сұлулығын сән-сәулетпен құбылтып, бұраңдап ағады. Оған алыс аспандағы ай да, шудалана көшкен бұлт та, бұйра шашты қара орман да, асқар таулар да, желіге ескен жел де құмар екен. Бірақ оның бір де бірін су бойына теңгермейді, маңына келтірмейді. Жазы-қысы төніп мазасын алған айға:

— Сенде не көрік жоқ, не жылу жоқ. Күннің сәулесін ұрлап бетіңді бояп, қылмыңдама. Анау алдақашан қартайған ажарыңды, бетіңдегі әжіміңді білмейсің бе? — деп маңына дарытпайды екен. Асқар тауға: — Сен меңірейіп бір орында тұрғаның болмаса, қозғалар күшің жоқ. Сен сыяқты мешел кімге дәрі, — деп бет бақтырмайды. Желпілдеп жел омырауласса: — Сенде ешбір тұрақ жоқ. Ойдан қырға жүгіріп өсек айтқаннан басқа қолыңнан келері жоқ, — деп оған да мін қояды. Су сұлудың осы сыяқты бойына жанды дарытпайтын такаппар хабарын естіп От батыр тілдесіп көрсем, деп іздеп шығыпты.

Жолда алқына жалындап асқар тауға келіпті.

— Сен жалының жалпылдап қайда барасың? — депті меңзең болып мүлгіген асқар.

— Мен Суға барам, Су сұлуды аламын, — депті.

— Сенде ес бар ма, Суға маңайласаң сенің жалының сөніп дүниеден жоқ боласың.

Ал онан әрі зулап келе жатқан желге кездесті. Жел олай ұйтқыды, бұлай ұйтқыды.

— Сен жалының жалпылдап қайда бармақсың? — деді. — Мен саған бір ақыл берейін. Сен Суға өз бетіңмен барып үйлесе алмайсың. Ол жеңсе сені ішіне тартып қылғып сөндіреді. Ал, сен жеңсең оны кептіріп жібересің. Екеуіңнің тіліңді білетін біреу бар. Ол — адам. Ол сендер сыяқты алып та емес, дүлей дауыл да емес, ашулы өрт те емес. Оның айтқанына көніп, айдауына жүрмейтін ешбір күш жоқ. Сен соған бар. Ол сені сумен шүйіркелестіріп, екеуіңді қосады. Мүмкін екеуіңнен алып ұрпақ тарар, — дейді.

От батыр оған көп ойланып тұрып-тұрып:

— Ол адам деген қайда болады? — деп сұрайды.

— Адам деген, мынау менің өлкемде, сонау қарауытып көрінген солардың қонысы. Сен жайлап бар да мұңыңды шақ, — деді Тау.

От батыр әрі ойланды, бері ойланды, дудаланған жалын сауытын киді, жарқылдатып от моншақтарын тағынды. Адамды іздеп, жел айтқан мекенге келді. Ол батырды бұрыннан таныйтын адамның бірі Өнербай деген, алыстан жерді орлап қазып, топырағынан шашу шашып алдынан шықты. Осылайша қарсы алған кішкене ғана адамға От батыр арызын айтты.

— Мен дүниеге келгелі біраз уақыт өтті. Жолымдағыны өртеп, бармаған жерім жоқ. Жандырмаған дүнием аз. Енді ойласам, жалғыз басым ұрпақсыз кетіп барамын. Артымда ұрпақ қалдырайын деп дүниені кездім, көргенімнің бәріне де көңілім тоймай, күйдіріп кете бердім. Тек маған жар боларлық сұлу Су ғана екен. Онымен келісе алмай жүрмін. Маңайласам-ақ ол мені арнасына тартып сөндірімек болады. Осының тәсілін бі-

РАЛЫ АҢЫЗ

леді деп естіп сізге келдім. Мені Су сұлумен жарастырыңыз, алыптардың алыбы сіз — кішкене ғана адам,— дейді.

Адам ойланып көп тұрды.

— Біреуің От, біреуің Су, келіспес екі алыпсыңдар. Сендерді үйлестіру өте қыйын. Маған аз мұрса бер,— деді ол.

От батыр жалынын басып, ұшқыны жарқылдап кірпіктерін сирек қағып тұр. Сонан бір мезгілде адам келіп:

— Суды сенімен үйлестірудің тәсілін таптым,— дейді. Ол өзі жасаған темір сауытқа Су сұлуды құйып От батырдың құшағына береді. Сүйген жары қолына тиген От батыр жалында да жана береді, жана береді. Су да От батырдың құшағында буырқана қайнайды. Екеуінен бір батыр бала пайда болады. Оның атын Бу батыр қойды. Бу батырдың кіндігін кесіп, жерден көтеріп құндаққа салған, тұсауын кесіп аяқтандырған өкіл ата — Өнербай деген адам екен. Ол жас батырдың игілігін жиһан көреді. Атса оққа, шапса қылышқа мойымайды. Оның күші дүниедегі ең өктем күш болады. Баулып өсірген атасы — адам оған теңізде жүретін кемеңі сүйреттіреді. Көп вагон тізген паровозды жүргіздіреді. Кезінде Бу батырдың күшіне ешбір күш пара-пар болмайды. Оның күшінен келе-келе дүниеге күннің нұрындай сәуле де туады. Ол Электр деп аталады.

Күндерде бір күні, жер астынан Мұнай деген бір батыр шығыпты. Ол, темір қанатты сауыт киіп аспанға ұшады.


Мұнай батыр ержете келіп басқаларға өктемдік көрсете бастапты. Су, Бу, Электр — бәрі де маған тең келмейді деп көкіді. Осылардың бәрі бізден асқан алып жоқ деп жүргенде, дүниеге тағы бір алып келіпті. Бұл батыр тауды қаңбақтай ұшырады, тасты бұршақтай жаудырады. Ол долданса дүниенің күл-талқанын шығарады екен деп халық лақап таратады. Бұл жас алыптың аты Атомтай екен. Өйткені, бұл дүниеге келісімен-ақ жер-көк тітірене қалады. Жас алып «өзімнің күшімді көрсетем» деп Аланай деген асқар тауды орнынан жұлып алып Мұхиттың түбіне лақтырып жіберіпті. Бұған долданған батырлардың бәрі жыйналып сұлулардың сұлуы Суға:

— Біздің алып анамыз сіз. Мына Атомтайдың қорлығы өтті. Бұл бәрімізді басынды. Ол тауды допша қақты, жай жатқан бізге ойран салды,— деп өксіп жылапты.

Оған алып ана — Су долданып:

— Онда мен ақтық күшімді жыйнап, Атомтайға бара-бар перзент туармын,— дейді. Сөйтіп ол баяғы Өнербектің ақылымен алыптардың алыбы Сутектесті тауыпты.

Сутектес батыр дүниеге келді дегенді естігенде, Атомтай батыр жаман долданады. Мен оның жастай-ақ үнін өшіремін, деп кіжінеді. Оның бұл хабарын естіген Сутектес қайратын жыйнап оған қарсы шығады. Екеуі аспан әлемінде шайқасамыз деп долданады. Бұл екі алып шайқасса дүние бүлінеді деп, бұлардың түпкі тұтқасын ұстаған алыптардың алыбы адам, екеуін екі қолына ұстап қысып-қысып қояды дейді. Жер-көкті қалтыратқан бұл екі алып Өнербектің қолында тырп ете алмай отыр деседі.





М. Зверев

БАРСТЫ ҮЙРЕТКЕН БАТЫР

Ит алға жүгіре жөнелгенде, мылтығын кезене, оның соңынан Мартын Павлович Петренко да ұмтылды. Бір мезетте ит тау шатқалына құйғыта сүңгіп барды да, кенет тұра ғап, шабаланды, өйткені, онап жыйырма метрдей жерде ғана, жақпар тасқа жабысып дәу барс тұрған. Оның сыртында құлақтары делдиіп екі үлкен жас аң тұр. Мынау тұрған солардың енесі.

Дәу жыртқыш арп етіп итке бір-ақ атқанда, ит те жалт беріп үлгірді. Мұлт кеткен барс ырр етіп күшіктеріне қайта келді. Мұны көрген ит өршелене шәуілдеп берді.

Бұған барстың ызасы қайнап азуын сартсарт сақылдатады. Ол мұнда Петренко келіп жеткенше, итті бүріп тастамақ болып, жеті мәртебе ұмтылды. Бірақ, қу ит тырнағына түспей қойды.

Міне, Петренко да келіп жетті. Қарулы адамды көзі шалып қалған сұм жыртқыш жалт беріп асудан ғайып болды. Оның соңынан күшіктері де жортақайлап жөнөп берсін. Бірақ мерген аңшы да қарап қалмады: асудан аса бергенде, күшіктің бірін қалпақтай түсірді.

Мұнан кейін ит пен аңшы ізді қуа, іздеуге жөнелді.

Бұқпантайлап келе жатып олар қалың қыяқтың ішінен бұғып жатқан барстың кү-

шігін көріп қалды. Маңында енесі көрінбейді. Петренко ептеп бұғып келді де плашымен күшікті бүркей қойды. Сөйтіп ол көп қыйнамай-ақ күшікті ұстап алып, қабына тығып жіберді.

Аңшы ашулы барс қай жағымнан атылып түсер екен деген хауіппен, үйіне жеткенше жан-жағына алаңдап қараумен болды. Бірақ адам айбаты аңды тежей берді, оның атылуға батылы бармады. Торуыл жасады.

Үйге келіп жеткенше барсты ұстау жобасы да Петренконың көкейінде жасалып бітті. Сонымен ол қақпан алып, барстың тірі күшігін қолтығына қысып, кешқұрым әлгі шатқалға қайта келді. Ол барстың күшігін арқанмен жақпар тасқа мықтап байлады да, келер жолға жасырып қақпан құрды.

Ертеңіне Петренко тансәріден келіп кешегі жеріне баспалап көз жіберсе, дәу барс деңкиіп төрт аяқтап шалқасынан жатыр. Арқанды тісімен қыйып жіберген, күшік жоқ, кетіп қалыпты.

Петренко ақырын ғана жартастың сыртынан мылтығын алып кезене бергенде, көзі аңның тұздай көк көзіне шағылысып, екеуі де қалт етпей сәл кідірісіп қалды. Шөп басы қыбыр етіп, қыйыршық тастың тырсетуі-ақ мұң екен, барс қыя тасты өрлеп жоғары зыта жөнелді.

Анды көзі шалып қалған ит те қарғысын жұлқып қалды. Енді тежелуге лажы болмай қалған Петренко жөнді көздемей-ақ басып салды. Барс сүрініп барып төмен құлдылады. Петренко бұл кезде қақпанның оның нағыз алдыңғы жіліншегінен түскенін көрді. Оқ та тап сол жіліншектен тиді.

«Тірі ұстауым керек!» — деп Петренко мылтығын тасқа сүйеді де итті бұтаға байлады.

Ол рюкзакты қолға алып аңға беттегенде, аң да шеңгелін жайып өре тұрды. Гүжілдеген аңның айбатынан Петренко амалсыз кідіріп қалды. Бірақ ол селк егер қорқақтардан емес-ті. Алған беттен қайту оның әдетінде болып көрген емес.

Бос рюкзакты ол барстың басына кигізбек боп лақтырып қалып еді, ол оны аяғымен жұлқып тастады. Петренко рюкзакты барстың басына кигізбек боп қайта-қайта лақтырды, бірақ сәті болмай жұлынып қала берді. Ақырында барс, рюкзакты тістеп алып босатпай қойды.

Бұдан кейін оның басына қап лақтырылды. Барс рюкзакты тастай беріп, енді оны тістеді. Біраздан соң барстың басына рюкзак пен қап қабат ұшты. Барс аяғымен рюкзакты лақтырып үлгіргенше басын қап жауып қалды. Осы кезде Петренко жалмажан барстың үстіне атша мініп, екі қолымен екі құлағынан шап беріп ұстаған бетімен жерге тұқыртты.

Аң долдана тулай, жанталаса бұлқынды, екі қолы екі құлақта Петренконың, қапты барстың басына кигізер үшінші қолы жоқ.

Аңшы қолы қарысып, әлі азайып бара жатқанын, аздан соң құлақтың қолдан шығып кеткелі тұрғанын сезінді. Онда, әрине, мерт болуы кәміл. Мұны сезген ол, бұлт етіп ырғып түсіп аңнан аулақ кетті.

В. Росин.

МИЛИЦИОНЕР

Кеше, бір жексембиде мектепке бармайтын болған соң, біз Васька екеуміз ертемен күні бойы шамамен сырғанақ тептік. Сырғанақ теуіп жүріп байкамай бір кемпірді қағып кеттік. Оған өзіміз қатты өкіндік те, амал не, білмей қалдық...

Мұнымызды бір милиционер көріп қалып ысқырғышымен ысқырып кеп қалды, біз де тым-тырақай қашып үлгірдік-ау!

— Білесің бе, — деді Вася, — егер бізді

Петренко алқынып келіп тастың үстіне отырды. Барс та ызалы көзімен адамға сұқтана қарап, ендіге демалады.

Аңшы сәлден соң тағыда қапты қолына алды, айқас тағыда қайта басталды.

Адам мен жыртқыш аңның арпалыс-айқасы бүкіл екі сағатқа созылды. Сөйтіп жүріп әйтеуір не керек, Петренко рюкзакты барстың басына кигізіп те салды-ау. Петренко оған тағыда атша мініп алды. Басына рюкзак киілген соң, тас қараңғыға тұмшаланған жыртқыш та жуасып қалды.

Енді үлкен олжаны иығына салып алып аңшы тау-таспен бес километрдей жер жүріп келіп, жол бойына тоқтады. Бірінші кездескен машинаға отырып ол Алматыға тартты.

Аңшы рюкзакпен тұмшалаулы барсты қораға байлап, хайуанаттар паркіне кетті. Ол бұл олжасын соған сыйламақ. Қайтып оралған ол қақпа алдында үймелеген қалың топты көрді. Бір шетте жедел көмек көрсетушілер машинасы тұр. Бәрі де түсінікті болды: барс босанып кеткен екен де, бәлеге ұшыратқан екен!


— Әне келді, барстың иесі!

Топ қақ жарылып Петренкоға жол берді. Кіре берісте ішіне ешкімді жібермей милиционер тұр. Оның ар жағында, қалайша байлаған жіпті, кигізген қапты шешіп тастағаны белгісіз, үш аяғымен шойнаң қағып барс жүр. Петренко аңға тағыда жекпе-жек келді. Тек бұл жолы барстың аяғында қақпаны жоқ. Ол жілігін омырып, ажыраған. Енді көзін көзіне қадап, тегеурінмен қарсы жүрген адамға, мысы біткен аңның төзімі жетпеді. Ол бұрышқа бүк түсіп құлай кетті. Аңшы аңның басына жайып келген плащын жаба салды да, сәл болмай-ақ ол берік матауға түсті.

ұстап алса, кемі жүз сом штраф салар еді, онан бір де кем емес.

Мен кішкентай балаларға штраф салады дегенге сенбедім, бізде ақша болмайды ғой, бірақ Васька мені желкемнен нұқып қалып, мен оны анық білемін, неменеге таласасын деді.

Бұдан соң менің есіме апама нан әкеліп берейін дегенім түсті де, үйге кеттім. Үйден ақша, корзинка алып қораға шықсам: сырт-



тан Васька келеді, оның соңында милиционер көрінеді. Милиционер еңгезердей, қара шинель киген, қолында портфелі бар.

Менің жүрегім су ете түсті. «Мәссаған құрыдық,— деп ойладым.— Мынау Васьканы ұстап алып, мені іздеп жүр екен. Енді сөз жоқ, штраф салады, тегін кетпейді, біздің жастығымызға қарамайды».

Мен көре салып жасырынбақ болып едім, мені көзі шалып қалған Вася айқайлап, қолын бұлғап:

— Бері кел! Қорықпа! Сен ол мені ертіп келеді деп ойлама, оны мен ертіп келемін. Шын айтамын! — деді.

Мен түк түсінбей, қалтара қарап қалыппын. Милиционер маған күле қарап:

— Я, рас, рас, мені ол ертіп келеді, мен мұнда бұрын келмеген адаммын ғой, қора сыпырушының қайда тұратынын білмеймін,— дейді.

Мұны естіген соң менің жүрегім қайта орнына түсті. Қарап тұрсам, бұл мүлдем басқа милиционер екен, қалай байқамағанмын. Анау милиционердің мұрты болатын еді ғой...

Біздер қора сыпырушының пәтеріне келіп жеткенімізде:

— Ал өздерің қандай оңды балалар едіңдер,— деп, үлкен адамдармен қоштасатындай-ақ қолын күнқағарға қойып честь берді. Сонан кейін Вася:

— Енді біздің қайда болса да сырғанақ тебе беруімізге болады, біреуді қағып кетсек те түк болмайды. Біздің милицияда танысымыз бар,— деді.


— Оны қалай танысымыз бар деуге болады? Тіпті біз оның фамилиясын да білмейміз. Қанша даулассаң да, біздің Васьканы жеңе алмайсың. Оған қарсы шықсаң, ол тура желкеңнен сылқ еткізеді. Оның бұл не әдеті екенін мен түсінбей-ақ қойдым...

СЫЙЫР

Сыйыр бұзаулады да,
Үйге енгіздік бұзауын.
Енесі есік алдында
Шығарып тұр ызалы үн.

Кешке дейін күндізден
Тұр тыпыршып асаудай.
Төрт аяқ қос мүйізбен
Бір есікті аша алмай.

М. Жаманбалинов.



Бетің қысық болса, АЙНАҒА ӨКПЕЛЕМЕ!



ТҮЛКІ МЕН МАЙМЫЛ

Мысалдар

Күздің күні. Қара суық. Жел есті,
Қәрі орманда жапырақтар гулесті.
Жүзім алып келе жатқан маймылға
Жолда Түлкі кездесті де, тілдесті.



Жүзімнің де дәмін татып үлгерді,
— Піспепті ғой мұны саған кім берді? —
Деді де ол, қайта-қайта тамсанып,
Бес-алтауын қатар жұтып жіберді.

ГАЛОШ ПЕН БОТИНКА

Көшедегі қою сазды балшықты
Өте алмайсың секіріп те, аттап та.
Галош кешіп лайсаңды, шалшықты
Ботинканы тигізбеді батпаққа.



Ботинка айтты үйге жетіп алғасын:
— Таза затқа лас затты қоса ма?
Енді еденді былғайды ғой ласың
Қал осында! Сенің орның босаға.

Қ. МЫРЗАЛИЕВ.

ЕПТІ ЕКЕНІН БІЛСІН БЕ

Ертең ерте тұра сап,
Бұраушы еді сағатты.
Күндегідей болмай іс,
«Шырт» — деп сағат үн қатты.

Бақытына Қоянбек,
Үйде ешкім жоқ еді,
— Біреу біліп қояр, — деп
Тысқа қарай жөнелді.

Өңі қашып сұрланып,
Қайтып үйге ол келгенде,
Әжесі сүт пісіріп
Отыр екен бөлмеде.

— Әже, неге жүрмеген
Айтшы, маған сағат бұл.
Бұзылады бұл неден
Жүрмей неғып қарап тұр, —



— Қайдан білем, құлыным,
Онда менің ісім не, —
Деді әжесі ұлының,
Епті екенін білсін бе.

Жұман ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

БІЛСЕШІ ӨЗ АЙЫБЫН...

Булығып ащы ызаға,
«Тырнауын қара мұның» — деп.
Мысығын қуды қыз бала,
«Бір тыйын сенің құнын» — деп.

Зар қақты мысық, қыйналды,
Айта алмай істің байыбын.
Шымшыды өзі «сый» алды,
Білсеші сол қыз айыбын...

О. САБДЫБАЕВ.

Алматы қаласы. Оқушы.

ӨКЕТТІ!

Қайталап соқты кемерге,
Қаналды жойқын су тіреп.
Көпіре құлап төменге,
Көбігін атты күркіреп.



Кепкасын тосып ағысқа,
Күледі маз боп жас бала.
Кетті ғой кепка,

ал, ұста!
Әкетті жұлып, маскара!

Ұмтылам соған дегенде,
Бетке ұрып тасқын жіберді.
Әкетті!

Қайтып берер ме,
Сілейіп солай тұр енді.

Қаналға төніп тұр Зейін,
Іркіліп жасы көзіне.
— Ей, ағыс, саған тимейін,
Кепкамды берші өзіме...

З. ШҮҚІРОВ.



БҮБИША ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

ЖАЙЛАУ ДЕГЕН ҚАНДАЙ ҚИЗЫҚ

Пионерка Бүбишаның ауылы Қарақия жайлауында. Қарақия жайлауы тамаша жер. Айнала жайқалған жасыл шөп. Таудан төмен сылдырап аққан таза бұлақ. Сыңсыған қалың қарағай. Осы көгалда ойнап, гүл терсе, шөлдеп шөліккеп келіп, таза мөлдір бұлақтан суды бір сімірсе. Әсем қарағай саясында көлеңкелеп тыныстаса, шіркін! Мұның бәрі де Бүбишаға таңсық емес. Бәрі де күнбе-күнгі үйреншікті кәй...

Қарабұлақ жетіжылдық мектебінің 4-класс оқушысы, пионерка Бүбишаның әкесі Жарты Өтегенов — «Көлбастау» колхозының таңдаулы шопандарының бірі. Бүбиша өзінің ата-анасын, олардың кәсібін мақтан етеді. Мақтан етпей ше! Өзат шопан Жарты Өтегеновті тек өз колхозының малшылары ғана емес, бүкіл аудан жұртшылығы құрметтейді. Өткен жылы ғана ол Отанымыздың жүрегі — Москваға, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты. Бүбиша да көп базарлықтар әкелді. Ал, анасы Нұрғайша болса, ауылдық советтің депутаты. Құрмет деген осы емес пе! Міне, сондықтан да Бүбиша ата-анасын мақтан етеді, солардай еңбек құрметіне бөленуді армандайды. Қолынан келгенінше олардан іс үстінде үйрене жүріп, қолқабысын тигізеді. Көктемде болса, алты күндік демалыс кезінде барып, төл бағуға көмектеседі. Ал, жаз келсе ата-анасымен жасыл жайлауға шығады. Мұнда да оның көмегін күтіп тұрған істер көп-ақ. Бұзау, құлын байлау, бие сауу, қымыз пісу, құрт жаю, от жағу дегендей үй шаруасына араласуға тура келеді. Кезі-кезі келгенде ол қой қайырып әкесіне көмектеседі, мал күтуді үйренеді. Сонымен қабат, ол жайлауда жүріп табиғат сырларымен танысады. Өне, қарсы алдында биік жартастар, қарлы шыңдар... Арқар, бұғы, тауешкі, суыр сыяқты аңдар өріп жүреді онда. Бұл тауда қабан, аю да болады деседі қарттар. Кептер, тоқылдақ, ұлар сыяқты құстар да көп. Сондай аңдар жайлы, табиғат сырлары жайлы жас Бүбиша талай қызық әңгімелер естіген, талайын көзбен көріп жүр.

ЖАС СЫЙЫРШЫЛАР ӘКЕЛГЕН ХАБАР

Жайлауда әдеттегі күндердің бірі еді. Мал өрісте. Бүбиша анасы Нұрғайша екеуі үйде. Үлкен киіз үйдің іргесін қуалай мөлдір бұлақ ағып жатыр. Желіде құлындар байлаулы. Аңдай беткейде биелер жайылып жүр... Бірақ, күндегіден бөтенше дерлік бір өзгешелік — кешеден бері күн біресе жадырап ашылса, біресе аспанға бұлт үйіріліп, бұзылып тұр. Қазір де батыс жақтағы Ақтасты бұлақ тауының басын бұлт торлап келеді. Жартының қойы жатқан мына ауыл төріндегі биік беткейге де тұман шеті ілінген. Мұндай тұманды күндерде қой бағудың көп қиындығы бар екенін Бүбиша да біледі. Әкесінен де сан әңгімелер естіген, шет жағасын өзі де көргені бар.

Түс ауа бере ауылға қонақ келді. Қонақ болғанда жасөспірім қонақтар — Бүбишаның құрбылары — Ұлан, оның інісі Көлбай келіпті. Олардың әкесі Жұмаділ осы колхоздың сауын сыйырларын бағады. Бұл екі «жігіт» Жұмекеңнің қолғанаты.

— Қайдан жүрсіңдер, батырлар!

— Ауылдан... Сыйыр қайырып жүрміз, — деп сал-

мақпен жауап береді, қысық көздеу монтыған сары бала Ұлан.

Олар қарауында қанша сыйыр бар екенін де біледі. Жасөспірім малшылар қазір 93 аналық сыйырды бағып жүр екен.

— Қалай, сыйырларың оқыралай ма!

— Оқыралайды. Сондықтан төмен, өзен бойына, қарағай көлеңкесіне айдап салдық.

Жасөспірім сыйыршылар біраз отырып демалды, қымыз ішті, әңгіме айтты. Мұнда олар жайдан-жай келмеген. Шопан ағайымға қамқоршы хабар айта келіпті. Мана күн бір селт етіп ашылған шақта, бұлар ауылынан келе жатып, Жәкеңнің қойы жайылып өткен беткейде, бұта түбінде бейсауат қалған қозылы көк саулықты көрген. Жүріс-тұрысына қарағанда ақсақ тәрізді. Сол көк саулық ағаның қойынан бөлініп қалмады ма екен деген күдік айтты Ұлан. Бұл хабарға Нұрғайша да, Бүбиша да елең ете қалды.



Құлын күтуші қыздар.

— Қайда, қай жерде?

— Қашан көрдіңдер! — деген сұраулар жауды. Хабаршы жасөспірімдер көрген-білгенін айтып жатыр.

— Баратын екен оған. Жартының қойы тауды асып, ұзап кетті. Тұманда байқамаған ғой. Жеке-жалғыз қалып қойып, ит-құсқа жем болып жүре ме... — деп Нұрғайша дегбірсіздене бастады.

Сол-ақ екен пионерка Бүбишаның:

— Мен барайын, — деген жауабы да саңқ ете қалды.

— Таба аласың ба?

Ұлан, Көлбайлар бірге жүріп, көрген жеріне ертіп баруға келісті.

КӨРГЕН ЖЕРГЕ БАРЫП ЕДІ...

...Міне, жасөспірім малшылар көк саулықты іздеп, қарағайлы, тасты беткейді қыялап келе жатыр. Жауын біраз толастаған. Бірақ, аспан әлемі бұлттан әлі айыққан жоқ. Шөп су. Балалар тізелеріне дейін малшынып алды, бірақ оны елең етер емес. Ұлан әлгінде «бәрібір су болады осы» деп етігін шешіп тас-

тап, жалаң аяқ шыққан-ды. Аяғының басы, балтыры су-су болып, шөп сызып, тырнап қызарып та кетті. Бұған да мойымайды. Бір бұл ғана ма оның көргені? Талай қарлы-бұршақты жауындарда да жалаң аяқ жүрген, шыныққан. Ежелден өжет, төзімділігі бар.

Балалар салған бетте манағы өздері көрген жерге тартқан еді. Асығып-алқынып келсе, дәнеңе жоқ. Жақын төңірекке көз тастайды, бірақ маңайда бейсауат мал көрінбейді. Тек бір жаңа із жатыр.

— Ауылға қарай бет алып жүрген екен,— деді Ұлан ізді көрсетіп.— Көне ізімен жүрейік...

Бұлар із қуалап біраз жерге келді. Шөбі тақырлау, тасты жерлерде із айқын сайрап жатыр еді. Енді аздан соң тастақ жер бітіп, шөптесін беткей басталды. Бойшаң, қалың шөп арасынан жалғыз қойдың ізін табу оңай емес. Ұлан енді жүресінен отырып алып, әрбір адымын санауға мәжбүр болды. Ал, Бүбиша айналаға көз тастайды, маңыраған дауыс естілмес пе екен дегендей құлақ салып, тың тыңдайды. Бірақ еш дерек жоқ.

Осы кезде күн райы қайта бұзылып, жерді тағыда тұман басты. Өкінішті жайы осы болды. «Енді қайт-тік!»

Манадан бері асыр салып жүгіріп, қалмай жүрген кішкентай Көлбай қалың тұманнан қорықты ма:

— Үйге барам, апа,— деп жыламсырап отыра кетті.

— Жылама, қазір барамыз,— деп Бүбиша оның шашын сыйпап жұбатады.— Сені қорқақ емес деуші еді ғой, ә!

Мұндайда демеуші бірауыз жылы сөздің әсері қандай!

— Жо, мен қорқақ емеспін,— деп Көлбай жалмажан өксігін басып, көзін ұқалады.

КӨК САУЛЫҚ ҚАЛАЙ ТАБЫЛДЫ!

Бір кезде Ұлан қойдың құмалағын тауып алып:

— Мынаны қара, жас құмалақ,— деп дауыстап жіберді.— Көк саулық жақын болуы керек!

Құмалақты Бүбиша да, Көлбай да көрді. Расында, өлі қатпаған жас құмалақ, Бүбиша да қуанып кетті.

— Онда, шақырып көрейікші,— деді де: — «М-ә-ә-ә!» деп қозыша маңырады Ұлан да, Көлбай да, олар соңынан барып үнсіз тынып, тыңдайды.

— М-ә-ә-ә!

— М-ә-ә-ә! — деген әртүрлі дауыстар тауды жаңғыртты.



Бұзаушы бала.

— Тоқта — деді бір кезде Бүбиша сұқ қолын шошайта қойып.— Әлде бір дауысты құлағым шалғандай болды.

Үшеуі де үнсіз тұрып тыңдады. Айтқандай-ақ сәлден соң әлгі дауыстың тағыда қайталанғаны бар емес пе!

— Жалғыз қойдың даусы ғой, мына жоғары жақтан шығады. Солай қарай жүрейік,— деп жүгіре жөнелді Ұлан.

Балалар қыя беткейге қарай асыға ентіге өрмелеп келеді. Бірауық тұман тұңғыйығына көз жібереді. Тас бұта қапқаларына да назар аударады. Ұшып-қонып, жүгіріп кішкентай Көлбай да жүр.

— Таптым, әне, әне көк саулық,— деген даусы бірақ шықты Көлбайдың. Қуанғанда дауыс еріксіз шығып кететін болса керек:

— Әне! — деп Бүбиша да дауыстады.

— Әне! — деп Ұлан да дауыстады.

С. Байжанов.

Қарақыя жайлауы,
Алматы облысы.

ӨЗІ БІР ҚАТТЫ ҰЯЛДЫ-АУ...

Әкесінің далбайын,
Үстіне қысқа тон киіп.
Қымқырып бетін, маңдайын,
Далаға шықты қонжыйып...

«Қулығын» білмей інімнің,
Ойласа керек «жауым» — деп.
Соңынан күшік жүгірді.
Жүгірді үріп шәуілдеп.

Көзінің тастап қыйығын,
Қарады бала Пиратқа.
Бұлғақдатып құйрығын,
Жүгірді Пират үй жаққа.

Баяндап жатыр інім кеп:
— Оп-оңай екен мұны алдау
Танымай маған урем деп,
Өзі бір қатты ұялды-ау.

Қ. ДӘРІБАЕВ.

ҚОЖАНАСЫР ӨНГІМЕЛЕРІНЕН

ҚОЖАНАСЫР МЕН АҚСАҚ ТЕМІРДІҢ ЗЫНДАНДАРДЫ АРАЛАУЫ

Бір күні Қожанасыр мен Ақсақ Темір қылмыспен жазаға кесіліп отырғандардың кімдер екенін білгісі келіп, қаланың зынданына келіпті. Зынданда отырған жүзге тарта адамдарды көріп, Темір:

— О, қандай қылмыспен отырсындар? — деп сұрапты. Сонда отырғандардың барлығы қолдарын қусырып, бастарын иіп:

— Ешбір қылмыссыз, бейкүнә отырмыз. Тексеріп ағымызға жетсеңіз екен, алда разы болсын, ұлық ханымыз, — деп шулап қоя беріпті.

Сол гәптің ішінде бір адам үндемей төмен қарап отыра беріпті. Оған Ақсақ Темір:

— Ей, сен неге үндемейсің, мылқаумысың? — дегенде, ол адам басын көтеріп:

— Тақсыр, мен шын қылмыстымын, ұрлық қылып, кісі өлтіріп келіп отырмын, — депті. Сонда Қожанасыр Ақсақ Темірге қарап:

— Сен мына айыпсыз, қылмыссыз көпті шығара қоймасың. Ал, айыпсыз, күнәсіз бейшараларды былғап, күнәға батырмау үшін, мына кісәпір қара бетті шығарып жібер, — деген екен дейді.



ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ХАЛЫҚҚА АУҒАЗ АЙТУЫ



Күндердің күнінде Қожанасыр уағаз айтады-мыс деген хабарды естіп, сол төңіректің барлық халық бірі қалмай тегіс жыйналады. Олар не айтар екен деп естігенше асық болып, ынтыға күтеді. Көп кешікпей-ақ Қожанасыр келіп, халық ортасындағы биік төбенің басына шығады да айналасындағы халыққа назарын аудара бір көз тастап алып:

— Ей сүйікті халқым! Менің не айтатынымды білесіндер ме? — депті. Халық бір дауыспен:

— Білмейміз, білмейміз, — депті.

— Білмейтін болсаңдар айтып не қылайын, — деп төбеден түсіп те кетіпті. Халық түкке түсінбей үнсіз бір-біріне қарап таңырқасыпты да, тарасыпты.

Көп ұзамай, Қожанасыр уағаз айтады-мыс, деген хабарды тағы естіп, Қожа сөзіне құмар халық айтқан кезіне тағы жыйналады. «Қожа енді не айтар екен», деп асыға күтеді. Онша көп күттірмей Қожанасыр келіп, баяғы төбенің басына шығады, әдетінше айналаға көзін аудара бір тастап алып:

— О халық! Менің не айтайын деп тұрғашымды білесіндер ме? — депті. Халық:

I. КІШПЕЙІЛДІК

Бір күні өзінің жақсы жырларымен танылып аты шыққан ақын жолдасымен театрға ойын көруге келеді. Театрда халық көп екен, бәрі ақынға қошемет көрсетеді.

Ақын да олардың құрметіне сыпайыгер ризалық білдіреді.

Сонан соң олар орта тұстан барып отырады. Ойын басталғанда әлгі ақын айналасына көз жібереді де мойнын бұға түсіп отырады. Оның сонша тым бүкшиіп кеткеніне, өзінше намысы келген жолдасы:

— Өй, сен атақты ақын емессің бе? Жаңағы құрмет сен үшін жасалды ғой. Сен оларға зор тұлға боп көрінесің. Ал, мына отырысың тым қораш, даңқыңа сай емес. Кеуденді көтере ұстап отыр,—дейді.

Сонда ақын «ақылына» мырс етіп:

— Достым, құр кеудемді көтеріңкі ұстағанымнан көпке не пайда? Ал, кішірейіп отырсам, арттағылар ойынды жақсы көреді,—депті.



«Білмейміз десек, білмейтін болсандар айтып не қыламын, деп тағы кетіп қалар»,—деп. — Білеміз, білеміз! — деп шу ете түседі.

— Өздерің білетін болсандар айтып несіне әуре болайын,—деп Қожанасыр тағы да төбеден түсіп кетіпті.

Осыдан соң Қожанасыр үшінші рет уағаз айтады-мыс, деген хабарды естіп халық айтылған мезгіліне тағы жыйнала қойыпты. Халық жыйналысымен Қожанасыр да келіп, төбе басына шығып, әдетінше айналаға көзді аударып тастап алып:



2. ОРИНДЫ СҰРАҚ

Бір үйдің адамдары ас ішуге отыра бергенде, көршілердің бірі келе жатқан тысыры білінеді.

Мұны есіткен үй қожасы әйел дастархан үстіндегі сары майды жасыра қояды.

Мұның мәніне түсінбеген сол үйдің алты жасар баласы:

— Майды неге жасырасыңдар? — деп байбалам салады.

— Бұл — колхоз фермасының майы. Әкеңнің фермада істейтінін білесің ғой. Өзіміздің ала сыйыр әлі бұзаулаған жоқ, көрші майды көріп қойса, ферманың майын жейді деп өсек қылады,—дейді оған шешесі.

Келген көрші кетпей көп отырады. Ал, баланың ойынан май шықпай қояды. Ол әркімге бір жалтақтап қарайды. Ақыры, тезімі жетпеген ол:

— Апа, әлгі май өзіміздің ала сыйыр бұзаулағанға шейін жасырулы бола ма? — деп сұрайды.

— О халқым! Менің не айтқалы тұрғанымды білесіңдер ме? — депті. «Біразымыз білеміз, біразымыз білмейміз деп айтайық» деп уәделескен халық:

— Білмейтіміз де бар, білетіміз де бар,—деп шу ете түсіпті. Сонда Қожанасыр:

— Ендеше білетіндерің білмейтіндеріңе үйретіндер! — деп сөзін бітірген екен дейді.

Қожекең әрқашан осындай тапқырлығымен халқын күлдіре білген.

Ел аузынан жазып алған **Өтебай Тұрманжанов.**

КІШКЕНТАЙ БАҚТАШЫ

5-классты бітірген Байғанның жазғы демалысын жақсы өткізуіне ата-анасы көп көңіл аударып бәйік болды. Бірақ, арада бір жеті өтпей-ақ Байған әкесіне: — Папа, бізге оқытушымыз жазда еңбек күн табуға тырысындар. Колхоз шаруашылығына көмектесіңдер деген еді, енді менің жұмыс істеуім керек, — деді. Әкесі баласын қызыға тыңдады да:



— Тек істеген жұмысыңды тастап кетуші болма, бригадирге өзім айтып жұмыстың ыңғайын қарастырайын, қарағым, — деп шешім айтты.

Ертеңіне 11 жасар Байғанға колхоз басқармасы колхоздың 50 сауын сыйырын күндіз бағуды тапсырды. Астына ат берді.

Алғашқы күндері ерте тұра алмай жас бала қыйналса да, кейіннен дағдыланып кетті. Алақобелеңнен тұрып өзі мінетін атын ерттеп сыйырды өріске ерте өргізіп, сауылатын мезгілінде қораға айдап келетін болды. Сауыншылар Байғанды «кішкентай бақташы» деп мақтан етті. Міне, жаңа оқу жылы да басталды. Оқушылар мектебіне оралды. Кластағы басқа достары сыяқты Байған да колхоз жұмысына өз үлесін қосқанын оқытушысына қуана әңгімелеп айтып берді.

А. Бимолдин

Қостанай облысы, Аманкелді ауданы.

ЖАС ШОФЕР

Алтын ұя мектебімен қоштасқаннан кейін Дүйсенбай өзі көптен арман ететін шоферлық курсқа оқуға түсті. Аласа бойлы нәзік бала жігіттің шофер болып шығуына алғаш күмәнденушілер де көп болды. Бірақ ынталы жас өзі сүйетін мамандығын тез меңгерді. Шоферлық курсты бітіріп келген оған колхоз басқармасы газик машинасын берді. Арада бірнеше ай өтпей-ақ колхоз төрт жаңа машина алды. Сол машиналардың бірі Дүйсенбайға берілді.

Ол осы газ-51 машинасымен колхозға жаз бойы құрылыс материалын тасыды. Быйылғы жылы колхозда бірнеше жаңа үйлер салынды.

— Туған колхозы жаңара, сәулеттене түскен сайын Дүйсенбай да қуана түседі. Үйткені, өзі қызмет істейтін колхоздың жан-жақты өсіп, өркендеуіне атсалысу жастардың бірден-бір міндеті екенін Дүйсенбай жүрегімен сезінеді.

Т. Отаров

Яманка селосы, Бақсай ауданы, Гурьев облысы.

Август айының алғашқы күндерінің бірі еді, тұс ауысымен-ақ көгілдір аспанды қалың қара бұлт тұтас торлап алды. Сағат кешкі онға жетпестен түн көзге түрткісіз қараңғыланып кетті. Тынымсыз жаңбыр жауып, әлсін-әлсін найзағай ойнап, күн күркіреп тұрды. Үйде шешем екеуіміз ғана едік. Бір кезде біреу терезе қақты. Көрші үйге кеткен әкем екен «Тез далаға шығындаршы!» — деді асыға сөйлеп. «Не болып қалды!» — дегендей әлденеге қобалжып шешем екеуіміз сыртқа шықтық. «Не бопты!» деген сұрағымызға әкем жауап берместен, бізді қораның сырт жағына, огородқа қарай бастап апарды да:

— Ананы қараңдаршы, — деді алға қарай қолын сермеп. Огород шарбағына жақын алаңда отын жағып, отын үйетін орын болатын, сол жерде жаңбырлы қараңғы түнде жарқырап көлемі шағын төрт жерде от жанып жатыр.

— Үйді өрт алып кете жаздағанын көрдіңдер ме! — деп әкем ренішті дауыспен шешемді кіналай сөйлейді. — Күндіз жағылған отпен ойнап балалар да жөнсіз істерге баратын болыпты, мұнысы жақсылық емес екен.

Шешем оттың маңына бір де бір баланың келмегенін, дәл кешке жақын ғана бұл жерде от түгіл ешқандай шоқтың да болмағанын айтты. Ал, менің көзіме бұл оттардың кәдімгі оттан айырмашылығы бардай болып көрінді.

— Меніңше бұл от емес, бір заттан шығып жатқан сәуле болуы тиіс, — дедім сенімді түрде.

Олар маған сене қоймады: Найзағай жарқылдап, күн күркіреп тұрған қараңғы түнде аяқ астынан жарқыраған сәуледен шешем сескеніп қалса керек «Бұл не болды!!» дей берген соң, «Не де болса көрейік өзін» деп әкем барып әлгі төрт оттың бірін қолына ұстап айналдырып көрді де:

— Мынау — жарған ағаш, — деп әкем отты лақтырып жіберіп еді, жарқырап барып анадай түскен от сөнген жоқ.

Әкем басқа оттарды да қолына алып көріп шықты. Жалынын өшірмек ниетпен айнала сермеп те көрді. Ақырында:

— Бұл бір ғажап екен! Өмірімде бірінші көріп тұрмын, — деді оттың мәнісіне түсіне алмай.

Көгілдір отты сәуле шашқан ағаштарды мен зер салып байқай бастадым. Түк ерекшелігі жоқ, күніне сан көріп жүрген қу қайыңның жарындысы. Бірақ сыртындағы қабығы өте қалың, өгіздің тон терісіндей десе болар. Ал, қабық пен өзектің аралығында қалың шірінді қол тисе гу-гу үгіледі. Көгілдір оттай сәуле шашқан, міне, осы шірінді. Істің мәнісіне түсіне қалдым да:

— Бұл қайдан келген ағаш! — деп сұрадым. Шешем қораның қараңғы бұрышында ертеден жатқан жуан қу қайыңның бір кесіндісі екенін, бүгін далаға алып шығып төртке жарып бөліп тастағанын айта бастады.

Содан кейін өте көп жасаған жуан, көрі қайың кесіндісінің қараңғы орында ұзақ жатқан соң бірте-бірте шіріп, қабығымен екі ортаға қалың қыртыс қалыптасқандықтан оған фосфордың пайда болу мүмкіндігі бар екенін, ал, мына көзсіз қараңғылықта көгілдірлене сәуле шығарған сол фосфор екендігін айттым. Түнде жанатын мұндай оттардың, әсіресе ескі жұрттарда, зыяраттарда жиі кездесетінін, себебі, ол жерлерде сүйек үйінділерінің көп болып, осы сыяқты фосфор пайда болатынын әке-шешеме түсіндірдім. Айтқандарым дәлелді, сенімді болу үшін сол

жерде М. Зверевтің «Орман отының басында» атты кітабындағы «Құпия сәуле» деген әңгімесінің мазмұнын әңгімелеп бердім.

— Болса болар, — деді әкем менің айтқандарымды тыңдап алып. Айтқандарыма әке-шешем сенді де. Бірақ, менің өзім де ағаштан от шыққанын тұңғыш рет көргендіктен бұл жайға қайран қалдым.

Петропавл қаласы. Естай Мырзахметов

БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА

Осы бір бақшалы аулаға күн сайын таңертең атаналар кішкентай сәбилерін әкеліп тастайды да, кешке қарай өздері алып қайтады.

Бұл — Шымкент ауданындағы № 3 балалар бақшасының үйі. Мектеп жасына дейінгі балалар күндіз мұнда болады. Олар бақшада тәрбиешілерінің көмегімен ән салуды, би билеуді, тақпақ айтуды үйренеді.

Міне, қаз-қатар қаулап өскен теректердің саясында бір топ бала қосылып хор айтып жатыр. Ашық үн тұтаса шығып әдемі ырғаққа ауысқан. Хор айтылып біткен соң тәрбиеші Лидия Павлова балаларға қарап:



— Көні, «Ойыншық ат» деген тақпақты кім жатқа айта алады, қолдарыңды көтеріңдер! — деді. Бірнеше қол бірден көтерілді. Бірінші болып тақпақты 3 жасар Люда жатқа айтты. Одан кейін ортаға шығып 5 жасар Вова «Кітапты сүй» деген тақпақты нақыстап айтып шықты.

Бишілердің ортаға шығуын бар бала қуана қарсы алды. 6 жасар Люба қазақтың «Жіп иіру» деген ұлттық биін биледі.

Мұндай қызғылықты өнермен бақшадағы тәрбиеленуші балалардың бәрі де шұғылданады. Бұл бақшаның тұсынан өткен сайын көңілді әнді, шат күлкіні естисің. Шаттық құшағында біздің сәбилер осылай өседі.

Ж. Еділбаев

Жаңа КІТАПТАР

„ПАРАДТА“

Балалар! Сендер «Пионер» журналының бетінен және «Қазақстан пионері» газетінен жас ақын Ә. Дүйсенбиевтің талай өлеңдерін оқыдыңдар. Ол өлеңдердің барлығы да мектеп жасына дейінгі және мектепке жаңа барған жас балалардың күнделікті өмірінен алынып жазылған.

Быйыл Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жас ақынның осы өлеңдерін «Парадта» деген атпен жеке кітап етіп басып шығарды. Кітаптың ішіне кірген өлеңдердің барлығы да қызықты. Көбісі сендерге көптен таныс. Мысалы: «Қыс», «Аламысық», «Сырғанақта» деген өлеңдердің бірінен-бірі қызық. Өздеріңнің күнделікті өмірлеріндегі әрқыйлы жағдайды суреттейді.

«Орман, тоғай томсарып,
Ақ шапанын киіпті.
Шаршаған ба соншалық,
Құстар да әнін тыйыпты»

деген «Қыс» атты өлеңнің осы жалғыз шумағынан ақ қыстың суреті көз алдына елестейді. Жас ақынның тілі жеңіл. Өлеңдері оқушыны жалықтырмайды, қысқа, дәмді. «Аламысық» деген өлеңді алайық. Үйдегілердің тамаққа отырғанын көрсе болды мияулап тамақ сұрайтын мысықты жас бала кәдімгідей өзіне тән тілімен сөгеді.

«Аламысық аузың жалап жеттің бе,
Манағы асты тағы ұмытып кеттің бе.
Жұрт аузы қыймылдаса жүгіру —
Ескертемін жаман әдет деп күнде.
Бере алмайсың өттең уәде сөзінді
Әйтпегенде жек көрер ем өзінді» —

деген бала аузынан шыққан сөзге еріксіз езу тартасың. Мұндай өлеңдер жыйнақтың оң бойынан орын алған. Мысалы: «Тауықтарда» қыстың күні тауықтың аяғында кебісінің жоқтығына жаны ашып жас бөбек атасына сырын айтса, «Шаштараз» деген өлеңде таза жүрудің жақсы екенін мойындайды.

«Шыбын», «Тентек төбет» деген өлеңдерден де күнделікті уақығаларды көресің.


Балалар! Жас ақын Ә. Дүйсенбиевтің бұл кітабы дүкендерде сатыла бастады. Сендер де алып оқып шығыңдар. Мұнда жаттап алатын өлеңдер де өте көп. Мысалы, «Парадта», «Болмайды соғыс» деген өлеңдерді жаттап алып, отряд, дружина жыйындарында айтуларына әбден болады.

Т. Молдағалиев

МЫНА ОЙЫНДЫ ҮЙРЕН

ХАРАНГ

Харанг — Венгердің халық ойыны. Бұл, әдетте, ойын-сауық кездерінде ойналады. Қатнасушылар саны 20 да, 30 да бола береді. Олар қол ұстасып, айналып жүріп өлең айтады. Ойын басқарушы қоршаудың ортасында тұрады. Оның басында айдарға ұқсас ажыратарлық белгі болуға тиіс. Ол



ойыншылармен бірге айналып жүріп, қапысын тауып кетпек болады. Басқалары оны ұстауға тырысады. Бұл ойынды судың маңында ойнаған жөн. Судың жағасына жалау тігіп қою керек. Егер басқарушы қоршаудан шыға алса, ол жан ұшыра жалауға жүгіреді де, ойнаушылар оны ұстау үшін қуады. Оған кім бұрын қолын тигізсе, ойынды сол басқарады. Жалауға жеткенше басқарушыны ешкім ұстай алмаса, ол қоршаудың ортасына қайта оралады.

Қоршаудан қатарымен үш рет қашып шығып, ұстатпай жалауға жеткен адамға сыйлық беріледі.

АҢШЫ МЕН ТҮЛКІ



Ойнаушылардың ішінен біреуі аңшы болып белгіленеді. Басқалардан ажырату үшін оның қолына шүберек байланады не басқа белгі қойылады. Аңшыда кішкентай доп болады да, басқа ойыншылардың бәрі «түлкі» боп аталады.

Аңшы алаңның дәл ортасына шығады. Алаң шеңбермен шектелуге тиіс. Сонан кейін түлкілер аңшыны қоршап алады. Допты үшінші рет ырғытқан мезгілде түлкілер жан-жаққа қаша жөнеледі. Аңшы допты ала салып, түлкінің біріне тигізбек боп лақтырады. Егер доп біріне тисе, онда сол «жаралы» түлкі аңшының көмекшісі боп қалады. Ол да жеңіне белгі тағады. Бұдан былай олар түлкіні доппен екеулеп қағады. Әрбір «жарақаттанған» түлкі аңшыға көмекші болып қосылып оты-

рады. Аңшының көмекшісінің саны екі-үшке жеткен кезде, қолға түспеген түлкілердің допты жерден алып, бір-біріне алма-кезек лақтыруына рұқсат етіледі. Бұл аңшы мен оның көмекшілеріне допты ұстаттырмау үшін істеледі. Аңшылар допты түлкілерден тартып алып, оларды «жарақаттандыруға» тырысады. Ойын барлық түлкілер түгел «жарақаттанғанша» жүргізіле береді.

Ойынның ережесі:

1. Түлкілерге алаңның шегінен шығуға рұқсат етілмейді. Бұл ережені бұзған түлкі «жарақаттанған» боп есептеледі де, аңшының көмекшісіне айналады.

2. Допты түлкілердің басынан өзге, кеуденің кез келген жеріне тигізуге болады.

ЖҰМБАҚТАР

- 1) Жандыны мерт қылады жансыз нәрсе,
Сен көріп жүрсің соны әлденеше.
- 2) Сыйыр мүйізді, жылқы тірсекті,
Жылан қабыршақты.

М. Дүйсенбин

Мұқабаның бірінші бетінде: Кеме жасаушылар. Түрлі түсті сурет Ю. Яневскийдікі.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С.,
Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 12/IX—1956 г. УГ05518. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 23000 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1511.



КРОССВОРД — ЧАЙНВОРД

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

3. Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі. 6. Ауыл ағасы. 7. Қазақстандағы өзен. 10. Халықтық демократия республикасының астанасы. 11. Әбішевтің шығармасындағы кейіпкердің есімі. 14. Орыс шебері. 15. Ұлы биолог. 16. Үй төсеніші. 17. «Зоя» поэмасының авторы. 20. Мал төлі. 21. РСФСР дағы облыс орталығы. 22. Ай аты. 24. Әдебиет жанры. 25. Қайықтағы ең керекті құрал.

ТІГІНЕН:

1. Қараздағы бейне. 2. Табиғат құбылысы. 4. Қазақтың халық батыры. 5. Европа мемлекетінің астанасы. 8. Қазақ ғалымы. 9. Қоғам. 12. Асыл метал. 13. Ауыз әдебиетінің түрі. 18. Халық ақыны. 19. Қуаныш тасқыны. 23. Ағаш. 24. Ертедегі тоқыма құралы.

КОСТЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ:

1. Жазғы жорық. 2. Қазақтың атақты ұшқышы. 3. Гайдар шығармасының геройы. 4. Орыстың ұлы суретшісі. 5. Египеттегі өзен. 6. Азамат соғысының батыры. 7. ССР дағы қала. 8. Күй аты. 9. Қазақ халқының ағартушысы. 10. Түтік. 11. Ату құралы. 12. Күй атасы.

ЖҮЛДИЗ ТӨҢІРЕГІНДЕ:

1. Жыл мерзімі. 2. Пионер ұйымдары топ. 3. Театрлық-спорттық жарыс. 4. Құрлық. 5. Бағыт шеңбері. 6. Республика астанасы. 7. Осалдық. 8. Советтік республика. 9. Совет татар жазушысының шығармасы. 10. Пионерлер жыйыны. 11. «Жас гвардия» романындағы басты кейіпкер.

Құрастырған Талаптан ИМАНБАЕВ,

Алматы қаласы.



ӨЗДЕРІҢ ЖАСАП АЛЫҢДАР

ҚАҒАЗДАН ЖАСАЛҒАН ҚОРАПША

Сендер саяхатқа не жорыққа шығар алдында газеттен алып жүруге ыңғайлы әрі жеңіл қорапша ыдыс жасауларыңа болады. Ол үшін газетті төрт бүктеңдер. Онан кейін оның жоғарғы екі бұрыштарын суреттегідей етіп, ортасынан тең қайырыңдар. (2) Енді газеттің өзін жағындағы екі бетінің бірін жаңағы қайырмаға жанастыра бүктеңдер. (3 пен 4) Газетті аударып, (5) екі шетін бір-

дей етіп қайырыңдар. Мұнан соң төменгі шетін жоғары қарай түрген жөн. (7) Қалпақтың жоғарғы шошайған төбесін төменгі қайырма қалтаға бүктеп салыңдар. (9 мен 10 сурет) Бүктеулі қағаздың арасын 11 және 12 суреттей етіп ашыңдар. Қарағанды қорапша дайын болды. Бұған сендер тоғай арасына барғанда атқулақ пен бүлдірген теріп салуларыңа болады.

